3 «Әрбір жетістік сындарлы жолдан өтіп барып келеді»

4 Үш тұңғыш

# Сыр бойы

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

№11-12 (20887-20888) 25 қаңтар, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


ПРЕЗИДЕНТ

## ҰЛТТЫҚ БАНК ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

**Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовті қабылдады. Мемлекет басшысына Ұлттық банктің былтыр жүзеге асырған ақша-кредит саясатының қорытындысы туралы есебі мен 2025 жылға арналған монетарлық реттеу жоспары баяндалды.**

Президентке Қазақстан экономикасы мен қаржы жүйесінің ахуалы, іскерлік белсенділік, инфляция факторлары, сондай-ақ бағаны тұрақтандыру және инфляция деңгейін ортамерзімді мақсатқа сәйкес 5 пайызға жеткізу үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2024 жылдың қорытындысы бойынша инфляция Ұлттық банктің болжаған шегінде қалыптасқаны, яғни 8,6 пайызды құрағаны айтылды. Тимур Сүлейменовтің айтуынша, сыртқы инфляциялық қысым күшейіп, ішкі инфляциялық тәуекелдер әлі де сақталып отыр.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Ұлттық қордың активтері, алтын-валюта резервтері және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жай-күйі жөнінде ақпаратты тыңдады. Атап айтқанда, 2024 жылы Ұлттық қор активтерін басқарудан түскен табыс 7,5 пайызға артып, 4,5 миллиард долларды құраған. Ал Ұлттық банктің алтын-валюта резервтері 45,8 миллиард долларға жетіп, 27,4 пайызға ұлғайған. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін басқарудан түскен инвестициялық табыс 3,4 триллион теңгені құрады. Ал кіріс көрсеткіші инфляциядан екі есе асып түсіп, 17,8 пайызға жетті.

Президентке валюта нарығындағы жағдай таныстырылып, теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылып жатқан шаралар туралы баяндалды.

Бұдан бөлек, Тимур Сүлейменов банк секторындағы жағдайдың тұрақтылығы, депозиттер базасының қалыпты өсімінің жалғасуы, сондай-ақ қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары мен макропруденциялық саясаттың тиімділігін арттыру жоспары жөнінде айтты.

Ұлттық банк төрағасы Президентке Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын дамыту нәтижелері мен Антифрод-орталығының қызметін таныстырды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы инфляцияны тежеп, қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету маңызды екеніне назар аударды. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк пен Үкімет макроэкономикалық саясатты үйлесімді жүргізуі қажет екенін атап өтіп, Ұлттық банк қызметіне қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

МӘЖІЛІС

## АРАЛДА КАЛЬЦИЙЛЕНГЕН СОДА ЗАУЫТЫН САЛУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дархан Сатыбалдының төрағалығымен мәжіліс өтті. Күн тәртібінде Мемлекет басшысы тапсырмаларының орындалуы, атап айтқанда, Аралда кальцийленген сода зауытын салу және инженерлік инфрақұрылым жүргізу, Көкшетау қаласының инфрақұрылымын дамытуға, оның ішінде жылу, су, газ және энергиямен жабдықтау объектілеріне республикалық бюджеттен қаржы бөлу, жергілікті маңызы бар 95% автомобиль жолдарын жақсы және қанағаттанарлық жағдайға келтіру барысы қаралды.**

Мәжілісте Дархан Амангелдіұлы Аралда кальцийленген сода зауытын салу және инженерлік инфрақұрылым жүргізу ел үшін маңызды әрі қажетті жоба екенін ерекше атап өтті.

Жиынға селекторлық байланыс арқылы қатысқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев талқыланған мәселеге орай баяндама жасады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы 2019 жылы Қызылорда облысына іссапары кезінде «Арал қаласында кальцийленген сода өндіретін зауыт салу» жобасына инженерлік инфрақұрылым жеткізіп, іске асыруды тапсырды. Әкімдік мемлекеттік қолдау ретінде 902 гектар жер телімін Арал ауданынан табыстады. «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында 2019-2020 жылдары 4,8 млрд теңгеге инженерлік инфрақұрылымдық жұмыстар басталған. Бүгінде 545,4 млн теңгесі республикалық бюджет есебінен игерілді. Жоба бастамашысы зауыт құрылысын бастаса, инфрақұрылым жеткізу жұмыстары жалғасатын болады. Зауыттың жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік органдардан оң қорытынды алынды, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі 2021 жылы «Чайна Гонконг Лонджи» қытайлық компаниясымен құрылтай шарты жасалғанын, алайда геосаяси жағдайға байланысты инвестор жобаға қатысуын тоқтатқанын атап өтті.

– Сол себепті қаржыландыру мәселесі шешілмей, зауыт құрылысы 6 жыл қатарынан кейінге шегерілді. Осыған орай тапсырманың орындалу мерзімі екі рет ұзартылды. Өткен жылдың 9 қыркүйегінде жауапты мемлекеттік органдардың, мүдделі тараптардың қатысуымен өткен мәжілісте қаржыландыру схемасы мақұлданды, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кетейік, Үкімет көрсеткен қолдаудың арқасында жобаны қаржыландыру мәселесі қаржы институттары арқылы оң шешімін тапты. «Арал Сода» серіктестігінің кальцийленген сода шығару зауытының құрылысын осы жылдың III тоқсанында бастап, 2028 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланды.

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## БАЛАБАҚШАҒА КЕЗЕК 2 ЕСЕ АЗАЙҒАН

**Оқу-ағарту министрлігі кейінгі екі жылда балабақшаларға кезек қысқарғанын мәлімдеді, деп жазады Egemen.kz.**

Бүгінде елімізде 1 миллионнан астам бүлдіршін балабақшаға барады. 2023 жылы – 523, 2024 жылы 627 балабақша есік ашқан. Сонымен қатар, 520 мың оқушыға арналған 422 жаңа мектеп бой көтерсе, 510 мыңнан астам бала «Жалпыға бірдей білім беру» қорынан көмек алған. 242 мың оқушы мен ата-ана психологиялық қолдау орталықтарына жүгінген.

## 428,7 МЛРД ТЕҢГЕ

**Бас прокурор Берік Асылов кеңейтілген алқа отырысында активтерді қайтару ісі жалғасып жатқанын атап өтті. Бұл туралы да Egemen.kz. хабарлады.**

2024 жылы 428,7 млрд теңге мөлшерінде ұрланған активтер қайтарылған. Қайтарылған активтің 48 млрд теңгесі есебінен 15 әлеуметтік және инвестициялық жоба іске қосылған.

«Халықаралық тәжірибені ескере отырып, сот тәртібімен түсініксіз шыққан активтерді мемлекет кірісіне айналдыру практикасы енгізілді. Қазіргі таңда нәтиже бар екенін айта кеткен жөн болады (10 миллион долларға талап қанағаттандырылды, сома өтелді). Сонымен қатар, мүлікті ерікті түрде кері қайтару бөлігінде субъектілермен жұмыс жүргізіліп жатыр», – деді Бас прокурор.

## КӘСІБИ ҚАБЫЛДАУШЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ҚАНДАЙ?

**Биылдан бастап кәсіби қабылдаушы отбасы жүйесі енгізіледі, деп хабарлайды 24kz.**

Енді елде ата-ана қамқорлығынан айырылған жеткіншектер бірден балалар үйіне бармай, осы отбасыларға жіберіледі. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігі мәлімдеген. Бүгінде елде 7 млн-ға жуық бала бар. Олар халықтың үштен бірін құрайды. Былтыр құқықтық базаны нығайту бойынша балаларға арналған үш негізгі заң қабылданды. Қараусыз қалған кішкентай азаматтарды қоғамға бейімдеу үшін тәлімгерлер институты құрылды. 330-дан астам бала қазір тәлімгерлерімен байланыс орнатқан. Сондай-ақ мектептер мен колледждерде «111» бірыңғай байланыс орталығына жедел хабарласа алатын QR-кодтар енгізілді. Қаңтар айындағы мәлімет бойынша, орталыққа 17 мыңнан аса бала жүгінген. Елде жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың 82%-ы қазақстандық отбасыларда тәрбиеленіп жатыр. Былтыр 3 мыңнан астам бала жаңа отбасын тапқан.

## ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ

**24kz сондай-ақ, өткен жылы елімізде жұмысынан шығып қалған 293 мыңнан астам адам әлеуметтік төлем алғаны жөнінде ақпарат ұсынды.**

Төлем алғандарға бағытталған қаржы 88,3 млрд теңгені құраған. Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мәлімдеуінше, 258 мыңнан астам адам төлемді алғаш рет алып отыр. Заңнамаға сәйкес жұмысынан босаған тұлғаға жарты жылға дейін айлығының 45%-ын төлеу қарастырылған. Әлеуметтік төлем мөлшері МӘМС жүйесіне қатысу өтілі мен соңғы екі жылдағы табысына байланысты болмақ. Ал уақытша қолдауға ие болу үшін eGov.kz немесе электронды еңбек биржасына өтініш жолдау қажет.

**Ақпарат көздерінен**

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

## ЖЫЛУ МАУСЫМЫ ШТАТТЫҚ РЕЖИМДЕ ӨТУДЕ

**Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен мәжілісте Мемлекет басшысы тапсырмаларының орындалуы, оның ішінде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасының іске асуы және жылу маусымының өту барысы талқыланды.**

Облыста жылу беру маусымы штаттық режимде өтуде, 1067 әлеуметтік нысан мен 888 көпқабатты тұрғын үй жылумен толықтай қамтамасыз етілген. Жылу-электр орталығында отын қоры, авариялық қор жасақталған. Қазір кәсіпорында 5,3 мың тонна мазут пен 193 тонна дизель отыны бар.

Барлық әлеуметтік нысанның отын қоры толық. Жылу беру маусымы қарсаңында белгіленген, тұрғындар мен әлеуметтік нысандарға қажетті 162 мың тонна көмірдің 138 мың тоннасы қоймаларға жеткізілген.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында санитарлық тазалық, абаттандыру және тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау мақсатында өңірлік жоспар бекітіліп, кешенді жұмыс жүргізілуде. Демеушілік есебінен және облыстық бюджеттен Қызылорда қаласындағы орталық алаң қайта жаңғыртылды, 28 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті заманауи панельмен қапталды, 20 көпқабатты тұрғын үйдің аулалары абаттандырылды. Теміржол вокзалы ғимараты мен перроны күрделі жөндеуден өтті.

Балалардың игілігі үшін 80 ойын және спорт алаңы, Жаңақорған ауданында демалыс паркі, Сырдария ауданы Наги Илиясов ауылында «Еңбекшілер аллеясы» пайдалануға берілді. Қармақшы ауданы «Жаңажол» ауылының орталық алаңы және Жалағаш ауданы «Таң» ауылының көшелері абаттандырылып, жарықтандырылды.

2-бет

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Қоғамда еңбекқор және нағыз маман иелерінің орны ерекше. Айналамызда адал еңбегімен елге танылған қарапайым жандар жетерлік. Бауыржан Сарымбетов – 22 жылдық тәжірибесі бар дәнекерлеуші. Қазір «TechnologyAlemОйл» мұнай компаниясында жұмыс істейді.

## «АТА-АНАМЫЗ АДАЛ ЕҢБЕККЕ БАУЛЫДЫ»

– Ата-анамыз бізді жастайымыздан еңбекке баулып өсірді, адал нан табуға үйретті. Мектеп бітірген соң, 1999-2002 жылдар аралығында қаладағы №9 колледжге түсіп, механик мамандығын бітірдім. Дәнекерлеушілікті де қоса алып шықтым. Дәнекерлеуге оқып жүргенде машықтана бастадым. Өндірістік тәжірибе кезінде ұстаздарымнан қыр-сырын меңгердім. 2002 жылы құс фабрикасына жұмысқа қабылданып, трактор айдадым, 3-4 айдан соң дәнекерлеуші болып ауыстым. Осы мамандықпен әлі күнге дейін жұмыс істеп келемін, – дейді ол.

2-бет

## АС БЕРУДЕ ШЕКТЕН АСПАУ КЕРЕК

**Бейсенбіде А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде «Ас беру мәдениеті» тақырыбымен Қызылорда қалалық ардагерлер кеңесінің кеңейтілген мәжілісі өтті. Жиын облыстық ардагерлер кеңесі мен ҚМДБ-ның жергілікті өкілдігі бірлесе қабылдаған үндеу төңірегінде өрбіді.**

Қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев ас берудің түпкі мәні марқұмның рухына құрмет көрсету, дұға бағыштау және сауап жинау болғанымен аста-төк дүниелер көбейгенін сынға алды.

– Ас беру кезінде шамадан тыс шығынға, ысырапшылдыққа жол беріледі. Мұндай жағдайлар бұл шараның рухани мәнін төмендетіп, материалдық жарысқа айналдырып жібереді. Қарыз алып, құдайы ас беретіндер бар. Кейін қарыздан құтылу үшін қиналады. 2020 жылы ҚМДБ «Ас беру мәдениеті», «Зират және зиярат мәдениеті» атты ортақ анықтама кітапшасын шығарды. Мұнда ас беру тәртібі, жаңаша сипат алған дәстүрлерге жол бермеу туралы жазылған. Зират салу мен зиярат етудің де тәртібі белгіленген. Бірақ көпшілік мұны біле бермейді, – деді ол.

Жоғарыда біз айтқан үндеу ысырапшылдықты тыю мақсатында жарияланған болатын. Бұл өңірімізде ас беру мәдениетін қалыптастырып, әр нәрсені өз нормасынан асырмауға үндейді. Жиында сөз сөйлегендер құдайы ас дастарқанын бекітілген жеті түрлі дәммен шектеу, қонақасы алыстан келген туыстарға арнап берілу керегіне, тәбәрік, жыртыс таратудың құр шашылу екеніне тоқталды.

2-бет

**Валюта бағамы** $ 522,42 kzt € 543,89 kzt ₽ 5,28 kzt

**Ауа райы:** Сенбі -5° -13° Жексенбі 0° -11°

№11-12 (20887-20888) 25 қаңтар, сенбі 2025 жыл

# ЖЫЛУ МАУСЫМЫ ШТАТТЫҚ РЕЖИМДЕ ӨТУДЕ

Облыстық бюджеттен бөлінген 800 млн теңгеге 17 көпқабатты тұрғын үйдің аулалары, 200 млн теңгеге 14 спорт және ойын алаңы салынып, 7 балалар ойын алаңы жөндеуден өткізілді. Демеушілер есебінен 63 көпқабатты тұрғын үй мен 2 әлеуметтік нысанның қасбеті заманауи үлгіде әрленуде.

Аудандарда 320 млн теңгеден астам қаржыға көшелер абаттандырылып, ойын алаңдары мен сквелрлер салынды.

Өткен жылы аймағымызда мекеме ғимараттарының қасбеті, аулалардағы балалар ойын және спорт алаңдары, көшелердегі жарықтандыру мен аялдамаларды әрлеу, сырлау, безендіруге біркелкі дизайн код бекітілді. Барлық елді мекендегі мекеме ғимараттары, аулалар, ойын алаңдары, аялдамалар, жарық бағаналары бірыңғай архитектуралық талаптарға сәйкестендірілді.

Өңірде жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізілуде. Соңғы екі жылда 1 млрд 500 млн теңге бөлініп, үздік атанған елді мекендерге 48 арнайы техника табысталды. Биыл осы бағытқа 564 млн теңге бөлініп, 19 коммуналдық техника жеңімпаздарға табысталмақ. Өткен жылы коммуналдық салаға және абаттандыру мекемелеріне 106 арнайы техника сатып алынып, қазір ел игілігіне қызмет етуде.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

1-бет

БРИФИНГ

Облыстық полиция департаменті қылмысқа қарсы күрес жүргізуде талапты күшейткен. Қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттырып, заманауи технологияларды енгізу арқылы полиция жұмысының сапасын жақсартты. Нәтижесінде аймақта криминогендік ахуал тұрақталды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Серік Тоқтыбаев мәлім етті.

# АЙМАҚТА КРИМИНОГЕНДІК АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

– Былтыр қылмыс саны 10 пайызға азайды. Оның ішінде ұрлық 28,2, мал ұрлығы 48,5, пәтер ұрлығы 14,6 пайызға, ауыр және аса ауыр қылмыстардың тіркелуі де төмендеді. Жалпы қылмысты ашу көрсеткіші жақсарды.

Қазіргі таңда киберкеңістікте өте өзекті болып отырған қылмыс түрі – ғаламтордағы алаяқтық. Интернет кеңістіктегі қызмет көрсету түрлері көбейген сайын, оның айла-тәсілі де түрленіп жатыр. Олардан тұрғындарды сақтандыру мақсатында қауіпсіздік шаралары туралы түсіндірме жұмыстары кеңінен жарияланды. Заманауи технологияның көмегімен атқарылған жұмыстың нәтижесінде аталған қылмыстың 88 дерегі ашылып, 76 интернет-алаяқ құрықталды, – деді Серік Әбдіменұлы.

Полиция полковнигінің айтуынша, «Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған ведомствоаралық кешенді жоспарын» іске асыру аясында облыста 310 есірткі құқықбұзушылығы анықталған. Сондай-ақ 70 есірткі өсіру, 27 есірткі өткізу, 19 есірткі жарнамалау, 5 есірткіні аса ірі мөлшерде сақтау қылмысының жолы кесілді. Заңсыз айналымға жіберілмей, тәркіленген есірткі затының салмағы 1 тонна 464 келі. Одан бөлек жыл басынан бері синтетикалық есірткіні жарнамалайтын 255 сайттың жұмысы тоқтатылып, 3 фитозертхана анықталды.

Жол қауіпсіздігі бағытында да апатқа тікелей әсер ететін құқықбұзушылықтарды анықтау күшейтілген. Соның өзінде жол-көлік оқиғалары азаймай тұр.

– Профилактикалық шараларға қарамастан, жол-көлік оқиғалары, одан дене жарақатын алғандар саны артты. Десе де қаза тапқандардың саны азайды. Адам көп шоғырланатын орындар мен білім беру ұйымдарының жанындағы жаяу жүргіншілер өткелі бақылауға алынып, кептеліс уақытында наряд қойылады. Балалардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз етуде 15 мың жасөспірім және 4 мыңнан астам ата-ананың қатысуымен дәрістер өткізілді. Тұрақты және үздіксіз жедел-профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылады. Сонымен қатар, Қызылорда қаласындағы автоматты жылдамдық өлшегіш құрылғылар 65770 әкімшілік құқықбұзушылықты, оның ішінде «Қорғау» бағдарламасы 218 құқықбұзушыны анықтады. Жол қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және қылмыспен күресті күшейтуге қажетті шаралар қабылдануда, – дейді департамент бастығының орынбасары.

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»**

# БИЫЛҒЫ МЕЖЕ – 190 МЫҢ ГЕКТАР

Биыл облыста 190 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егу межеленіп отыр. Оның ішінде күріш 85,6 мың гектарды құрайды. Бұл меже алдағы айда Шымкент қаласында өтетін су шаруашылығы жөнінде мемлекетаралық үйлестіру комиссиясының отырысынан кейін нақтыланады.

– Былтыр облыс үшін Сырдария өзені арқылы келетін су лимиті 3,7 млрд текше метр көлемінде белгіленген еді. ҚР Үкіметі және облыс басшылығының қолдауымен жергілікті диқандар судан еш тарыққан жоқ. Алдын ала болжам бойынша биыл дариядағы су былтырғы көлемде сақталады деп күтілуде. Барлық мәселе мемлекетаралық үйлестіру комиссиясы отырысында шешіледі. Қазір жаңа егін маусымына дайындық қызу жүріп жатыр. Оған қажетті тұқым құйылып, минералдық тыңайтқыш пен гербицид алудың қамы жасалуда. Оған қоса ауыл шаруашылығы техникаларын дайындауға көңіл бөлінді, – деді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

Кейінгі жылдары өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуеті артып келеді. Өткен жылдың желтоқсан айына дейін облыстан 72,4 мың тонна өнім 17 мемлекетке жіберілген. Олардың жалпы құны 37,5 млн долларды құрайды. Оның ішінде 66,7 мың тонна күріш Ресей, Беларусь, Әзербайжан, Тәжікстан, Украина, Өзбекстан, Грузия және Ираққа экспортқа шықты.

– Былтыр күріш өнімін өткізуге байланысты біршама проблема туындады. Оның себебі де бар. Алдыңғы жылдары көршілес Ресей, Өзбекстанда түрлі себептерге байланысты күріш аз егілген еді. Қазір олар сұранысты өз өнімдерімен қамтамасыз етуге кірісті. Сонан келіп бізде күріш бағасы 320 теңгеге дейін төмендеді. Басқарма тарапынан әлеуметтік маңызы бар негізгі азық-түлік тауарлары бағасына тұрақты түрде бақылау бар. Бұл мақсатта жергілікті диқандарға заем беру мәселесі шешілген. Оған қоса жыл бойы тұрақты түрде ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілуде. Рас, картоп бағасының өсуіне қатысты мәселе біздің облыста да байқалды. Облыс бұл өніммен өзін-өзі ішінара қамтамасыз ете алады. Қалған бөлігі еліміздің солтүстік өңірлерінен жеткізіледі. Қазір тұрақтандыру қорында 1000 тоннаға жуық картоп бар. Тұрғындар оны қаланың барлық бөлігінде орналасқан әлеуметтік дүкен желілері арқылы сатып ала алады, – деп толықтырды сөзін басқарма басшысы.

**«СБ» ақпарат**

# АС БЕРУДЕ ШЕКТЕН АСПАУ КЕРЕК

– Қаралы үйдің тұрмысы ауыр немесе төмен болса, ол отбасының одан сайын қарызға батып ас беруі дұрыс емес. Сонымен қатар мәйітті бірнеше күн жерлемей жатқызып қойып, тек қана қонақ күтудің қамымен жүру – күнә. Ең әуелі марқұмның денесін жуындыру, кебіндеу, жаназасын шығару және жерлеу – мұсылманның мойнындағы кезек күттірмейтін негізгі міндет. Дінімізде қарызданып немесе онсыз да өзіне жетпей жатқан қаражат есебінен мал сойып, садақа беру туралы үкім жоқ. Бұл рұқсат етілген амалдар қатарында. Біз кейде шариғаттағы осындай амалдарды міндет ретінде жүктеп аламыз да оны орындамасақ, күнәға бататындай боламыз, – дейді Қызылорда қаласының бас имамы Берік Сүлейменов.

Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шәкизат Төребаев рухани құндылықтардың бұзылуы, қоғамдық сана тәрбиесі, ысырапшылдықтың салдары туралы сөз қозғады.

– Жуырда облыстық ардагерлер кеңесінің кеңейтілген мәжілісінде құдайы ас дастарқанына қойылатын дәм тізімін жетеуден асырмау жөнінде талап қойылды. Ас өткізетін орындардың иелері талаппен танысып, қазіргі күні жүзеге асырыла бастады. Игі бастаманы бәріміз қолдайық. Сонда ғана бұл мәселе тәртіпке келеді, – дейді ол.

Тасбөгет кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Рамазан Молдашев әлеуметтік теңсіздікті жою бағытында әңгіме өрбітті.

– Бір бөлмеде дүниеден өткен адамның жақын-жуығы жылап-сықтап отырса, келесі бөлмеде жиналып алып тамақ ішіп отыратынымыз жасырын емес. Сол жерде әзіл айтып, күліп те үлгереміз. Қазақтың тамақ пен күлкіні арсыз деуі осыдан шығар, – деді ардагер.

Дәстүр мен дін үйлесімі жайы тарқатқан қалалық «Айтбай» мешітінің бас имамы Асхат Асқаров марқұмның атынан қайырымдылық жасап, мұқтаж жандарға көмек көрсету ең сауапты амалдардың бірі екеніне тоқталды. Қазақ дәстүріндегі қарапайымдық пен ислам талаптарын үйлестіре білгенде ғана ысырапшылдықтан сақтануға болатынын тілге тиек етті.

Жиын қорытындысында қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев үндеуді халық арасында кеңінен насихаттау кезек күттірмейтінін, әрбір азамат дәстүрдің шынайы мақсатына назар аударуы қажет екенін жеткізді.

**Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»**

1-бет

# «АТА-АНАМЫЗ АДАЛ ЕҢБЕККЕ БАУЛЫДЫ»

Бүгінде Бауыржан тәжірибесі мол, VI санатты дәнекерлеуші деңгейіне жеткен.

– Біздің мекемедегі қызметіміз құрал-жабдықтарды жөндеп, сынған жерін дәнекерлеп отырамыз. Жұмыстың оңайы жоқ. Қызып тұрған құрылғыны дұрыс пайдаланбаса кері әсері бар. Бірінші істеген ісің шала, екіншіден денсаулыққа да зиян. Сол себепті қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтай отырып, әрбір істі жауапкершілікпен, тиянақтылықпен атқарамыз. Жұмыс төзімділік пен шыдамдылықты талап етеді. Вахталық әдіс болған соң, 15 күн жұмыс істеп, 15 күн демаламыз,–дейді Б. Сарымбетов.

Бүгінде жастар дәнекерлеуші болуға аса қызығушылық танытпайды, сұранысқа ие емес деп ойлайды. Бірақ, бұл – қате пікір. Себебі, қазіргі кезде бұл таптырмайтын мамандықтар тізімінде. Оны кейіпкеріміз де растап отыр.

–Біздің қатарластарымыздың көбі құрылысшы, дәнекерлеуші, электрик сынды мамандықты меңгерді. Олардың бәрі де кәсіби маман болып қалыптасты. Жұмысты ауыр-жеңіл деп бөлмеді. Бастысы адал еңбегінің арқасында отбасын асырап келеді. Ал жастар заң, білім, медицина саласына басымдық береді. Кеңседегі жұмысты таңдайды. Дегенмен жұмысшы мамандықтар сұранысқа ие екенін ұмытпау керек. Маман жетіспеушілігі көп кәсіпорында байқалады. Осы мәселенің шешімі ретінде жұмысшы мамандықтарды дәріптеу қолға алынып жатыр,–дейді ол.

Бауыржан жұмысқа келген жастарға да қамқор. Бар білген-түйгенін үйретіп, көрсетеді. Өзі секілді нағыз маман дәнекерлеуші болғанын қалайды. Сондықтан болар жастарға үлгі, ортасына сыйлы. Ұжымдастары да адал еңбегін бағалап, талай марапатқа ұсынды. Білікті маманның жетістіктері аз емес.

Еңбекқор жігіт жұмысынан келген кезде де қол қусырып қарап отырмайды. Қызметіне жүгінген жандардың жұмыстарын жасап та, қаржы табады.

Президент табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы екенін айтты. Бұл «Адал азамат –Адал еңбек–Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. «Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді»,– деді Мемлекет басшысы.

Еңбек еткен адам тек өзінің ғана емес, елдің дамуына үлес қосады. Сол себепті де халқымыз «Еңбек – ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы» деп бекер айтпаған. Кейіпкеріміз де табанды еңбегінің арқасында талай белесті бағындырып жүр.

**Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»**

1-бет

## Аудан жаңалықтары

### ҚЫЗЫЛОРДА

## ӘЛЕУМЕТТІК ТАУАРЛАР ЖЕТКІЗІЛУДЕ

Қала тұрғындарын нарық бағасынан 10-15 пайызға арзан өнімдермен қамтамасыз ету мақсатында ірі сауда орындарына тұрақтандыру қорынан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері күнделікті жеткізілуде.

Бүгінде «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мен 10-ға жуық ірі супермаркет арасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларын тұрақтандыру жөнінде келісім жасалған. Келісім-шарт негізінде азық-түлік өнімдері шекті бөлшек бағамен арнайы «Әлеуметтік бұрыштар» арқылы ұсынылуда.

Айта кетсек, тұрақтандыру қорындағы азық-түлік өнімдерін «Small», «Қызылорда оптомаркеті», «Анвар», «Ажар», «Алатау» супермаркеттерінен сатып алуға болады.

### АРАЛ

## ТАЗАЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ТАЛАП БОСАҢСЫМАЙДЫ

Аудан әкімі Аманжол Оңғарбаевтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар талқыланды.

Экологиялық бағдарлама шеңберінде аудан орталығы мен барлық елді мекенде 5 кезеңнен тұратын «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ» апталықтары ұйымдастырылды. Сондай-ақ 2 577 тонна қатты қалдық полигонға тасталып, 6101 түп ағаш және түрлі гүлдер отырғызылды. Бұдан бөлек, аллеялардың, саябақтардың және тарихи-мәдени ескерткіштердің аумақтары тазартылып, әрленіп-сырланды.

Жиында Аманжол Сақыпұлы кәсіпкерлік нысандардың тазалығы, бағдаршамдардың жұмысы, су айдындарындағы қауіпсіздік және Арал қаласына орнатылған бейнебақылау камералары туралы айтып, кемшіліктер бойынша жұмыс жүргізу керегін жауапты мамандарға міндеттеді.

### ҚАЗАЛЫ

## ТАЛАПҚА САЙ БОЛУ КЕРЕК

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет базар басшыларымен кездесті.

Кездесуде базарлар мен сауда орындарындағы санитарлық талаптардың сақталмауы, өрт қауіпсіздігінің қамтамасыз етілмеуі және сатушылар мен келушілерге жағдай жасалмағанын қатаң сынға алды. Осыған сәйкес сауда орындарының барлығын заманауи қалыпқа келтіруді, ескірген ғимараттарға жөндеу жүргізіп, эскиздік жобалар дайындауды тапсырды.

Сондай-ақ базарлар келушілер мен кәсіпкерлер үшін ыңғайлы, абаттандырылуы, тазалығы жағынан барлық талаптарға сай болуы керегі айтылды.

### ҚАРМАҚШЫ

## БІРҚАТАР МІНДЕТ ЖҮКТЕЛДІ

Аудан әкімі Жандос Еркінбек бірқатар инфрақұрылымдық нысанның жағдайын тексеріп, төтенше жағдайлардың алдын алу жұмыстарының барысымен танысты. Алдымен «Марал баба» кесенесіне баратын жолдың құрылыс жұмыстарын бақылады. Бұл – аудан тұрғындары мен Марал ишан кесенесін зиярат етушілер үшін маңызды инфрақұрылым.

Одан кейін, Қармақшы ауылы мен Далдабай елді мекені шекарасы тұсындағы және Дүр Оңғар ауылының маңындағы Сырдария өзенінің жағдайымен танысты. «Қожатай» учаскесіндегі су тоспасының және «Сарыөзек» көлінің экологиялық жағдайын көрді. Бұл нысандар өңірдегі су ресурстарын тиімді пайдалануда маңызды рөл атқарады.

Аудан басшысы жауапты мекеме басшыларына нақты тапсырмалар беріп, жұмыс сапасын жақсарту бойынша бірқатар міндет жүктеді.

### ЖАЛАҒАШ

## ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен қыс-көктем мезгілдеріндегі су тасқынының алдын алу бойынша мәжіліс өтті.

Онда тиісті мамандарға, ауылдық округ әкімдеріне өз аумақтарындағы учаскелерді қатаң бақылауға алып, кезекшілік қою туралы тапсырма берілді. Сондай-ақ авариялық-құтқару қызметтері мен күш-құралдарының үнемі әзірлікте болуын қатаң бақылауда ұстау керек.

### СЫРДАРИЯ

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ ҮШ МӘСЕЛЕ

Аудан әкімі Берік Сәрменбаевтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Күн тәртібінде үш мәселе қаралды.

Бірінші мәселе, суармалы егіс көлемін азайту бағытында атқарылатын жұмыстарға қатысты. Жиында биыл егіс көлемі азайтылып, суды аз қажет ететін дақылдар егуге басымдық берілетіндігі баса айтылды.

Екінші мәселе – аудандағы эпидемиологиялық ахуал туралы санитарлық-эпидемиялогиялық бақылау басқармасының басшысы С.Өмірбаев баяндады. Мәдениет үйлері мен клубтарға бекітілген ақылы қызметтің орындалуы, жоспарланған қызмет мөлшері туралы аудандық мәдениет және спорт бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ж.Төрәлиев ақпарат берді. Аудан әкімі кемшіліктерді түзеп, нәтижеге жұмыс жасау керегін айтып, нақты тапсырмалар жүктеді.

### ШИЕЛІ

## ӨТІНІШТЕР ОҢ ШЕШІМІН ТАПТЫ

Елді мекен тұрғындарымен кездесуде айтылған мәселелер кезеңкезеңімен шешілуде. Жүйелі жұмыстардың нәтижесінде Ш.Қодаманов елді мекенінде ыза суды болдырмау үшін «К-3» қашыртқысының «Р-12» каналымен қиылысқан жерінде орналасқан трубалар тазалануда.

Аудан әкімі Айтбай Жандарбеков, «Қызылордасушар» филиалының директоры Роллан Ахметов, облыстық мәслихат депутаты Дәулет Жұмбеков, «Шиелісушар» өндірістік учаскесінің басшысы Дихан Әубәкіров және елді мекен ардагерлері жүйелі жұмыстардың куәсі болды. Ардагерлер халықтың өтініш-тілектері жерде қалмай, игілікті іс жасалғанына алғыс айтып, ризашылық білдірді.

### ЖАҢАҚОРҒАН

## АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

Аудан прокуратурасы мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылық пен нашақорлықтың алдын алу мақсатында №163 орта мектебі мен №110 мектеп-лицейінде арнайы түсіндірме жұмыстарын өткізді.

Кездесуге аудандық прокуратураның аға прокуроры Берік Байсбаев, Сейтмахан Сермұхамедұлы, Жастар ресурстық орталығының директоры Наурызбай Орынбасаров қатысты. Шара барысында оқушыларға заң бұзушылықтың салдары, нашақорлықтың зияны және денсаулықты қорғаудың маңыздылығы туралы кеңінен ақпарат беріліп, арнайы түсірілген видеоролик көрсетілді. Сондай-ақ азаматтарды заң талаптарын сақтауға, қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жастардың жарқын болашағына үлес қосуға шақырды.

**Дайындаған: Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»**

**Асқарбек ЕСЖАНОВ,**
**облыстық білім басқармасының басшысы:**

# «ӘРБІР ЖЕТІСТІК СЫНДАРЛЫ ЖОЛДАН ӨТІП БАРЫП КЕЛЕДІ»

Жалпы білім саласы – мемлекет үшін әлеуметтік һәм стратегиялық маңызы зор сала. Сондықтан бұл салаға жүктелген міндет те ауқымды. Соның айғағы, биыл аймақтың білім саласына бөлінген бюджет қаржысы 308,1 млрд теңгені құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 16,9 пайызға артық. Демек сала бойынша алдағы атқарылатын жұмыстардың да біршама арта түскенін білуге болады. Осы орайда өткен оқу жылында атқарылған жұмыстардың қорытындысы, сондай-ақ алдағы жоспарлары жөнінде облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжановпен әңгімелескен едік.

***– Асқарбек Темірбекұлы, облыста орта білім беру саласы бойынша біршама жаңа бастамалар қолға алынғанынан хабардармыз. Соның ішінде, Президент тапсырмасына сай «Жайлы мектептер» салына бастады. Жылдан-жылға оқушы санының көбеюіне байланысты кейбір мектептерге қосымша ғимараттар қажеттігі туындады. Осы мәселелер қаншалықты шешімін тапты?***

– Облыстағы 338 мектепте 184924 оқушы білім алуда. Нақтырақ айтсақ, 299 мемлекеттік мектепте 171 315 оқушы, ал 39 жеке мектепте 13 609 оқушы бар. Өңірдегі жүйелі жұмыстардың нәтижесі болар, қазір үш ауысымда оқытатын мектептер жоқ.

Өткен жылы білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры, жергілікті бюджет және жеке инвестор есебінен жалпы құны 31,8 млрд теңгені құрайтын 17 білім беру ұйымының құрылысы жүргізілді. Атап айтқанда 7 мектеп, 5 мектепке қосымша ғимарат, 4 қосымша білім беру және 1 кәсіптік білім беру ұйымы. Оның ішінде Қызылорда қаласында «Білім беру инфрақұрылымын қолдау» қоры арқылы дарынды балаларға арналған 400 орындық физика-математика бағытындағы мектеп-интернат биыл наурыз айында іске қосылады деп күтілуде. Сонымен қатар, Қызылорда қаласындағы шығармашылық академиясы, Шиелі ауданында 200 орындық «Оқушылар үйі» және 50 орындық «Өнер мектебі», қаланың сол жағалауынан іргетасы қаланған музыкалық колледж ғимаратының құрылысы пайдалануға беріледі. Бұдан бөлек, 960 орындық 6 мектеп ғимараты, Қызылорда қаласындағы «Оқушылар сарайы», Жаңақорған ауданындағы «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебінің» құрылысы аяқталды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде, Арал ауданы Тоқабай ауылындағы №248, Шиеліде кенттегі №252 және Жансейіт ауылындағы №133 апатты мектептердің мәселесі шешілді.

Президент тапсырмасына сай «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша аймақта 6900 орындық 10 мектептің құрылысы жоспарланған. Бүгінде алғашқы білім ошақтары пайдалануға берілді. Атап айтқанда, облыс орталығында, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 900 орындық мектеп, КБИ мөлтек ауданындағы 600 орындық, Жаңақорған ауданы, «Жаңарық» елді мекенінде 300 орындық, Арал қаласында 300 орындық «Жайлы мектеп» іске қосылды. Ал Жаңақорған кентіндегі «Саяжай» шағын ауданында 600 орындық мектеп жақын күндері пайдалануға беріледі. «Жайлы мектеп» жобасы бойынша жоспарда қамтылған 5 мектеп биыл есік ашады.

***– Мектептер жыл сайын салынып жатыр. Дегенмен білім ошақтарының бүгінгі заман талабына сай жабдықталуы қаншалықты? Мысалы, қазір бұл саланың жұмысы интернетке тікелей тәуелді. Тіпті жасанды интеллект қызметі дендеп ене бастады.***

– Иә, дұрыс айтасыз. Бүгінде мектептің сапалы оқу-әдістемелік ресурстары, цифрлық контенттер және дамыған материалдық-техникалық база – білім беру процесін жетілдірудің маңызды аспектілерінің бірі.

Қазіргі таңда мектептерде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқытатын 865 кабинет болса, өткен жылы 56 осындай жаңа пәндік кабинет сатып алуға 496 млн 871 мың теңге қаржы бөлінді. Бүгінде 60 мектеп STEM кабинеттерімен қамтамасыз етілген.

Аймақ басшысының қолдауымен мектептер 484 интерактивті панель, 14 мектеп LED-экрандармен жабдықталды. Оның қатарында бастауыш сынып және ерекше қажеттілігі бар балалар үшін 17 интерактивті логопедтік құрылғылар орнатылды. Сондай-ақ 6 IT мектеп-лицейге жасанды интеллект элементтерін тереңірек меңгерту үшін адам тәрізді роботтар алынды.

Осы орайда айта кетейік, жасанды интеллект (ЖИ) білім берудегі ең перспективалы зерттеу бағыттарының біріне айналды. Айталық, 2024-2025 оқу жылының басындағы дәстүрлі тамыз конференциясында «DigitalKazakhstan: заманауи білім беру» тақырыбында оқу үдерісін цифрландыруға және әлемдік тәжірибені ескере отырып, сабақ беру процесіне жасанды интеллектті енгізу ерекшеліктері айқындалды. Жасанды интеллектті қолдана отырып жасалған цифрлық өнімдердің білім беру көрмесі ұйымдастырылды.

«Білім беруді басқаруға арналған жасанды интеллект эко жүйесін құру» бағытында Қызылорда қалалық білім бөліміне қарасты №136 мектеп-лицейі, №187 ақпараттықтехнологиямектеп-лицейі (IT-мектеп-лицей), №212 мектеп-гимназия, №172, №222 орта мектептер «eData.kz» ЖШС-мен пилоттық жоба негізінде қосылып, «Gemini», «Canva», т.б цифрлы платформаларды пайдаланып жұмыс жасауда.

Мектептерде жасанды интеллектті қолдану мұғалімдер үшін сабақ жоспарын құрудан бастап, кез келген құжатты өңдеуге дейін жұмысын жеңілдетеді. Атап айтқанда, оқу материалдарын басқару, электрондық тесттер мен бағалаулар, әкімшілік тапсырмаларды басқару, кері байланысты басқару жүйелері, қабылдау процестері автоматтандырылуда. Бұл орайда биыл облыс бойынша алғаш рет «Қызылорда аймақтық бірінші чемпионаты», «РобоБатл», «Роботекгранд сайысы» тақырыбымен робототехника чемпионаты өткізілетін болады. Сондай-ақ робототехника үйірмелеріне қатысушылар арасында «Дрондар фестивалін» ұйымдастыру жоспарда бар.

Бұл жұмыстар ғылыми-техникалық шығармашылықты танымал ету және жастар арасында инженерлік мамандықтардың беделін арттыру, робо-спорт резервін қалыптастыру және дамыту мақсатында іске асырылып отыр.

Мемлекет басшысының алдағы үш жылда 1300 мектепті күрделі жөндеуден өткізу жөніндегі тапсырмасына сәйкес облыс бойынша 51 мектеп бекітілді. Күрделі жөндеу барысында мектептерді пәндік кабинеттермен қамтамасыз ету, жиһаздарын жаңарту, интернет жылдамдығын арттыру, кітапхана, асхана және спортзалды жаңғырту, қауіпсіздік жүйесімен жабдықтау, ауланы абаттандыру жұмыстары жүргізілетін болады.

***– Мектептердің негізгі бағыттары бойынша рейтинг жасалды дейсіз. Онда қандай көрсеткіштер қамтылды? Мақсатты мектеп» дегеннің мәнісі неде?***

– Иә, өткен жылы мектептердің негізгі бағыттары бойынша рейтинг жасалды. Онда 275 (4 бастауыш, 16 негізгі) жалпы орта білім беретін мектептер бойынша білім сапасы, ҰБТ қорытындысы, оқушылардың олимпиада, ғылыми жоба, спорттық сайыстардағы нәтижелері, балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтар мен қылмыстардың тіркелуі, педагогтердің кәсіби байқаулар мен сайыстардағы жетістіктері сарапталды. Рейтинг қорытындысымен жоғары деңгей – 30, орта деңгей – 129, төмен деңгейде – 116 мектеп қалыптасты. Осының негізінде, әрбір мектеп дамуының нысаналы индикаторлары жасақталды. Бұл ретте педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту және бухгалтерлік есепті жүргізу, жастардың азаматтық белсенділігін арттыру, білім беру менеджментінің сапасын жақсарту, біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру, білім сапасын бағалау, педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу міндеттері бойынша көрсеткіштерді жақсарту шаралары қолға алынуда. Барлық көрсеткіштер бойынша әрбір білім беру ұйымының жыл көлемінде 2-5 пайыздық межеде нәтижелерін ұлғайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде. Әр мектептің даму бағдарламалары әзірленді. Ауылдық елді мекендерде білім сапасын, ұйымдар арасындағы байланысты арттыру мақсатында аудан орталықтары мен Байқоңыр қаласында 8 білім округі құрылды.

Өткен оқу жылында (2023-2024) Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесімен, мемлекеттік грант конкурсына қатысқан 6252 түлектің 4752-сі немесе 76,1 пайызы мемлекеттік грант иеленді. Айта кетейік, өңірдің білім саласы кейінгі төрт жылда ҰБТ-ның орта балл көрсеткішімен республикада алғашқы үштікте болса, өткен жылы жиырма өңірдің ішінен бірінші орынға шықты. Енді қараңыз, әрбір жетістік сындарлы жолдан өтіп барып келеді. Әрине, бұл аймақ ұстаздарының қажырлы, табанды еңбегінің нәтижесі екенін ерекше атап өткеніміз жөн. Сонымен қатар, республика көлемінде жүзеге асырылып жатқан «943 – елімізде мақсатты мектептерді дамыту» жобасына 2024 жылы 71 мектеп, ал 2025 жылы 40 мектеп енгізілген. Осы орайда негізгі пәндер бойынша 2433 педагогтің біліктілік арттыруы жоспарланған.

Өткен жылдың 1 қыркүйегінен бастап облыста «Цифрлық ұстаз» жобасы бастау алды. Жоба әлеуметтік аз қамтылған отбасыдан шыққан және үлгерімі төмен балаларды негізгі пәндер бойынша білімін толықтыруға мүмкіндік беру мақсатында жүзеге асуда. Жоба 235 мектептен 2308 бала қатысады. Бүгінде сабақ кестелері жасалып, ерікті түрде сабақ беретін мұғалімдер оқытуда. Бұдан бөлек, «Тірек мектептер» жобасы қолға алынып отыр.

***– Өткен жылы ҰБТ нәтижесімен республикада алғашқы орынға шықтық дедіңіз. Одан беріде қандай жетістіктер бар?***

– Биылғы жетістіктеріміз де аз емес. Айталық, ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадада жаратылыстану-математикалық бағытында көрсеткен үздік нәтижелері үшін командалық есеппен 2024-2025 оқу жылында 71 оқушы қатысып, 39 оқушы жүлделі орыннан көрінді. 10 алтын, 14 күміс, 15 қола медаль иеленді. Олимпиада қорытындысымен Қызылорда облысы жаратылыстану-математикалық бағытта «Ең үздік олимпиадалық команда – 2024» номинациясымен I орынды, қоғамдық-гуманитарлық бағытта III орынды иеленді. Ал «Ең үздік ауыл мектебі – 2024» номинациясымен Қазалы ауданы Е. Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейі, Жалағаш ауданындағы Әл Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі марапатталды. Сондай-ақ мектеп қабырғасында жүріп-ақ, еліміздегі таңдаулы ЖОО-лардың грантын иеленген дарынды оқушыларымыз бар.

Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрлігі ұйымдастыратын жыл сайынғы «Үздік педагог» республикалық конкурсынан 2024 жылы 6 мұғалім «Үздік педагог» атанып, 1000 АЕК көлемінде арнайы сыйақы иеленді. Бұдан бөлек, жыл соңында облыс әкімдігінің қолдауымен 3 «Үздік педагогке» облыстық бюджет есебінен әрқайсысына 1,1 млн теңге көлемінде бір реттік сыйақы берілді. Айта кетейік, аймақтағы орта білім беру ұйымдарындағы жалпы педагогтер саны – 23315 болса, оның ішінде жоғары білімді – 22484, техникалық және кәсіптік білімі бар 686 педагог. Жаңа форматтағы біліктілік санатын алған педагогтер саны – 19 386, яғни ұстаздардың 70 пайыздан астамын құрайды. Өткен оқу жылында 30 педагог-шебер болса, биыл педагог-шеберлердің саны 44-ке жетті.

Тәрбие және қосымша білім беру мен балаларды әлеуметтік қорғау бағытындағы атқарылған жұмыстар да өз нәтижесін беріп, әрбір сайыстарда облыс командасы үздіктер қатарынан көрініп келеді. Тағы бір нәтижелі жұмысты айта кетейік, биыл білім беру ұйымдарының есебіне 7896 мүмкіндігі шектеулі бала алынған, бүгінгі күні психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған балалар үлесі 90,5 пайызды құрады. Сонымен қатар, инклюзивтік білім алуға жағдай жасаған мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі 92 пайыз, жалпы орта білім беретін мектептердің үлесі 97 пайыз, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 94 пайыз. Облыстағы 298 мектептің 174-де инклюзивтік қолдау кабинеттері, 8 мектепте ресурстық орталықтар бар.

***– Мемлекет басшысы биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Осы бағыттағы жоспарларыңызды білсек...***

– Өңірімізде 28 колледж бар. Оның 17-сі мемлекеттік, 11-і жекеменшік. Оның ішінде 97 мамандық 158 біліктілік бойынша 20 341 студент білім алуда. 2024-2025 оқу жылында 4608 орынға мемлекеттік тапсырыс бойынша талапкерлер оқуға қабылданды. Жұмыс беруші кәсіпорындардың сұранысымен 356 орын мақсатты мемлекеттік тапсырыс бойынша кадрлар даярлау жүзеге асырылды. Ал 2025 жылы осы тапсырыс аясында 400 талапкерді қабылдау жоспарланып отыр.

Қазіргі заман талабына сай техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында кадрлар даярланатын мамандықтарға профилизациялау жұмыстары жүргізіліп, бірнеше колледждерде қатар даярланатын мамандықтар, атап айтқанда 9 колледждің 38 мамандығы бойынша 52 біліктілік лицензия қосымшалары кері қайтарылды. Ал 2025 жылы 8 колледж бойынша 21 мамандықтың 31 біліктілігі нақтыланды, лицензия қосымшалары кері қайтарылатын болады. Осы бағытта оқу орындарының халықаралық салалық білім беру стандарттары бойынша бітірушілерді сертификаттау, жұмысқа орналастыру көрсеткішін арттыру шаралары жүргізілуде.

Білімді, білікті кадрлардың сапасы қалай қалыптасады? Өзіңіз білесіз, бұл бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу нәтижесіне тікелей байланысты. Міне, сондықтан колледждерге енгізілген дуальды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты бітірушілерді кәсіпорындар мен мекемелерге тұрақты жұмысқа орналастыру. Қазіргі таңда, облыста 21 колледжде 241 кәсіпорын, мекемелермен үш жақты келісім-шарт негізінде 3560 студент дуальды оқыту жүйесінде білім алуда. Өткен жылы колледждерде 5895 студент білім алып, оның ішінде 3916-сы мемлекеттік тапсырыспен оқуын аяқтады. Олардың 4270-сі жұмысқа орналасып, көрсеткіш 72 пайызды құрады.

Халықаралық талаптарға сәйкес шетелдік оқу орындары, ірі кәсіпорындармен екі жақты әріптестік байланыс орнату, жаңа технологияларды пайдалана отырып кадрлар даярлау жүзеге асырылуда. Осы бағытта өткен жылы М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі Германия мемлекетінің Лейпциг университетімен педагогика, психология саласы бойынша, Мәскеу Психоанализ университетімен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық жоғары колледжі Американың және Германияның білім беру ұйымдарымен «Электрмен қамтамасыз ету» мамандығы бойынша ынтымақтастық орнатқан. Ал И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық жоғары колледжі Атырау облысындағы «OPEG» тренингтік орталығының жетекшілігімен халықаралық аккредитациядан сәтті өтіп, сертификат иеленді. Бұл өз кезегінде колледжге халықаралық стандарттарға сәйкес энергетика саласы бойынша білікті кадрлар даярлауға мүмкіндік беріп отыр.

Студенттерді әлеуметтік қолдау мақсатында 2024 жылдың 1-қыркүйегінен бастап колледждерде білім алушы студенттердің шәкіртақысы 50 пайызға артты. Сонымен қатар, жатақханамен қамтамасыз ету сұранысы толық шешілген.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылы 9-сыныпты бітірушілердің жұмысшы және орта буын мамандықтары бойынша білім алуға ниетті жастарды 100 пайыз тегін кәсіптік біліммен қамту жоспарланған болатын. Осыған орай республикалық бюджеттен 2200 орынға, жергілікті бюджеттен 3108 орынға мемлекеттік тапсырыс бөлініп отыр. 2025 – «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай аймақтың еңбек нарығына қажетті, сұранысқа ие мамандықтардың ұзақ мерзімді болжамын анықтау үшін «Мамандықтар атласы» әзірленеді.

Тағы бір жаңалық, биыл мемлекеттік колледждерді ірі кәсіпкерлерге сенімгерлік басқаруға беру жұмыстары қолға алынуда. Атап айтқанда, Арал, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария колледждерін сенімгерлік басқаруға беру туралы облыстық экономика және қаржы басқармасына ұсыныс енгізілді. Сонымен қатар, М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжін «Қызылордатехникалық – IT жоғары колледжі», ал И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық жоғары колледжін «Қызылорда политехникалық жоғары колледжі» ретінде қайта өзгерту жоспарланып отыр.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық жоғары колледжі және «Орда» жоғары колледжі шетелдің жоғары оқу орындарымен, колледждерімен халықаралық байланыс орнатып, кадрлар даярлауды жүзеге асырады. Сонымен қатар, 15 мемлекеттік колледждер ірі жұмыс беруші кәсіпорындар мен мекемелерге шефтік қамқорлыққа беріліп, келісім-шарт негізінде жұмыс жасайды деп жоспарланып отыр.

Осы оқу жылында Абылай хан атындағы жоғары колледж базасында «Тігін ісі» мамандығы бойынша шағын кәсіпорын, Арал индустриалды-техникалық колледжі мен С.Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжі базасында «Құзыреттілік орталығы» ашылады. Сондай-ақ И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық жоғары колледжі мен М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжі базасында студенттер үшін «Бизнес-стартап» жобасы жүзеге асырылады. Биыл техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алушылар саны 700 орынға артады. Сондай-ақ колледждерді үздік бітіруші 200 студентке тұрақты жұмысқа орналасуы үшін жолдама беріледі.

***Сұхбатыңызға рақмет!***

**Сұхбаттасқан**
**Ғазиза ӘБІЛДА,**
**«Сыр бойы»**

ЖЕҢІС – 80

Ашық дерексөз нұсқасы Д.Әтешова

# ҮШ ТҰҢҒЫШ

## Айтмағанбет Нақыповтың ерлігі ескеріле ме?

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 80 жыл толғалы тұр. Сол сұрапыл майданның тірі куәсі қазір арамызда санаулы ғана. Деректер бойынша, Отан қорғауға қазақ елінен 1 миллион 200 000-нан астам азамат аттанып, олардың 600 мыңдайы ғана елге оралды.

Ал біздің тақырыбымызға өзек болған қазақтан шыққан үш тұңғыш кімдер? Бұл – фашистік Германияның ұясы болған Берлин қаласын алуға қатысты тұлғалар.

**Бірінші тұңғыш** – бомбалаушы ұшқыш, екі дүркін Кеңес Одағының батыры Талғат Бигелдинов. Ол қалай тұңғыш болды? Осыған тоқталсақ. Бұл жөнінде Кеңес Одағының екі дүркін батыры, авиация генерал-майоры Талғат Бигелдиновтің 2000 жылы Алматы қаласында «Жазушы» баспасында жарық көрген 256 беттен тұратын «Пик в бессмертие» (Мәңгілік шыңында) атты кітабында баяндалады. «Бірінші жауынгерлік тапсырмамен ұшу сәті 17 ақпан 1943 жылы туып, сол алғашқы күні үш рет жауынгерлік ұшу тапсырмасын орындайды. Содан не бәрі үш-төрт күннің ішінде 8-ші жауынгерлік тапсырмамен қаһарлы №13 – «ИЛ-2» бомбалаушы ұшақпен шыққан тоғыз ұшақтың құрамында кезекті жауынгерлік тапсырманы орындау барысында бұлар 3 ұшағынан айырылып, бомбаларын жаудың танктер мен жаяу әскерлері колонналарының үстіне жаудырып, қайтып келе жатқанда жаудың «Мессершмит» истребитель ұшақтарының шабуылына душар болады.

Т.Бигелдинов топтан ажырап қалып, осы «Мессершмиттің» бірінің шабуылына ұшырайды. Жау ұшағы 2 рет шабуылдап, мүлт кетеді. Сонда ашуға булыққан ол «неге мен ұрыстан жалтарып қаша беруім керек, неге өзім ұрыс салмаймын» деген ойға бекініп, ұшағын көкке тік көтеріп, қайта төмен қарай бағыттағанда жау ұшағы оның жылдамдығын ескермей, қазақ жауынгерінің қарауылына ілініп опат болады. Мұны жерден бақылап отырған Кеңес әскерлері көріп, Т.Бигелдинов қызмет жасайтын авиадивизия командирі, Кеңес Одағының батыры Н.Каманинге хабарлайды. Ал қазақ ұшқышы болса топтан ажырап қалғандықтан полк басшылығы ұрсады деп, жағдайды баяндамайды. Бірақ ертеңіне полк командирі шақырып алып, дивизия штабына жөнелтеді. Дивизия командирі жақсы қарсы алып, кешегі ұрыстың мән-жайын сұрайды. Оның қасында дивизия және армиялық газеттердің әскери тілшілері болған еді.

Сонда Н.Каманин аға сержант Т.Бигелдиновке немістің атақты ұшқышы, әуе шайқасының шебері, 108 ұшақты атып түсірген Испания, Франция мен басқа елде көрсеткен ерлігі үшін емен жапырағымен көмкерілген крестпен марапатталған, капитан фон Дитрихті атып түсіргенін, оның өзін атып түсірген ұшқышты көргісі келгенін, бірақ оның шұғыл түрде армия штабына жөнелтілгенін айтады.

Н.Каманин бомбалаушы ұшақтар авиациясы тарихының жаңа бетін ашып, тұңғыш рет бомбалаушы ұшақпен жау истребителін атып құлатқаны үшін Т.Бигелдиновке не бәрі 8-ші әскери тапсырмамен ұшу кезіндегі ерлігін бағалап, «II дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденін тапсырады. Міне, осылай 17 ақпан 1943 жылдан бастау алған аға сержант Т.Бигелдиновтің ерлікке толы жауынгерлік жолы басталады.

152 әскери жауынгерлік ұшуды сәтті орындауда көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы үшін, жеке өзі жаудың 4 ұшағын құлатып, Кировоград, Александрия, Знаменканы азат етудегі батырлығы, жаудың әскері мен техникасын үлкен шығынға ұшыратқаны үшін аға лейтенант Т.Бигелдинов Кеңес Одағының батыры атағына 1944 жылдың 26 қазанында ие болды.

Осылайша Кеңес Одағының Маршалы И.Конев қолбасшылық жасайтын 1-Украин майданының әуе армиясына қарасты 2-гвардиялық әуе корпусы 147 әуе гвардиялық полкінің тәжірибелі, аса маңызды тапсырмаларды орындауға қабілетті санаулы шебер ұшқыштардың қатарына енеді. Т.Бигелдинов ең жауапты тапсырмалар – жау тылын барлап қайту, жаудың әскери техникалары мен жаяу әскерлерінің жасырынған жерлерін іздеп табуда тәуліктің кез келген уақытында, ауа райының қолайсыздығына қарамай ұша алатын әрі тапсырманы мүлтіксіз орындайтын аса шебер ұшқыш атанып, фашизмнің ұясы Берлин қаласы үшін болған шайқастарға дейін 300 әскери жауынгерлік ұшулар жасайды.

Майдан шебі Берлин қаласынан 160 шақырым жерде орнығып тұрады.

Осы кезде Т.Бигелдинов қызмет ететін полкке корпус командирі, генерал В.Рязанов келеді де полктың командалық пунктіне шақыртады. Шақыртумен келгені туралы баяндаған оған планшетін көрсетуді бұйырады. Сонда генерал картаның жетімсіз екендігін айтады.

Генерал полк штабының бастығы подполковник Е.Ивановқа капитан Т.Бигелдиновтің картасына қосымша бір бет жапсыруды міндеттейді. Жапсырылған картада Берлин қаласының сызбасы тұрады. Генерал картаға қарап, Талғатқа Берлин қаласына Луккенвальд тұсынан баратыны және қаланың батыс жақ бетінде өзен үстіне салынған көпірді тексеруін, одан әрі Потсдамға ұшып барып, онда не болып жатқанын анықтап кері қайтуға, ұшу биіктігін 50-80 метрден асырмауды тапсырды. Сондай-ақ тапсырманың өте маңызды екенін, сол себепті де көрсетілген ұшу биіктігінің ең қауіпсіз болатынын айтып, түсірген суреттерді аман-есен жеткізу қажеттілігіне тоқталады.

Берілген тапсырма ерекше, әрі оған жалғыз өзі қорғаусыз ұшатын болады. Осы себепті ол генералдан ұшақпен тек жалғыз өзі ұшатынын, атқышын қалдырып кетуге рұқсат сұрайды.

Картадағы маршрут бойынша ұшып, Луккенвальдені артта қалдырып, Берлинге 20 шақырымдай қалғанда жау истребительдері тұрған аэродромды көзі шалып, оны айналып өтеді. Бұл біршама уақыт алғандықтан байланыс үзіліп, командалық пунктте отырғандар қатты алаңдайды. Қауіпті жерді аман-есен айналып өткен Талғат жау аэродромын жолықтырғанын және оның координаттарын командалық пунктке баяндайды.

Берлин қаласының үстіне ұшып келгенде қала көшелерінде бейбіт өмір жүріп жатады. Үйлердің, өрт мұнараларының үстіне қондырылған зениткалар мұны атқылай бастайды. Шпре өзенінің үстіне салынған көпірге де жетеді. Көпірді атқылауға командалық пункттен рұқсат сұрайды, бірақ, оған генерал келіспейді. Тапсырманың бір бөлігі орындалып, енді Потсдам қаласына қарай бағыт алады. Ол жақтағылар алдын ала хабарланып, зениттік батареяларының қалың атқылауына тап болады. Қалай болғанда тапсырманы орындау маңызды, осыны түсінген батыр ұшқыш жаудың зениттік батареяларының үстіне құлдилап, бомба тастап, снарядтар жаудырады. Зениттік батареялардың үні өшкеннен кейін жаудың қорғаныс жүйелерін, артиллерия батареяларының орналасқан жерлерін қажетті деген тұстарын түгел фотосуретке түсіріп, жау позицияларын тағы да атқылап өтіп, кері қайтуға бағыт алады.

Қайтар жолда келген бағытын өзгертеді. Шлемофонда генерал В.Рязановтың даусы естіледі. Ол Чеплюк басқарған эскадрилья Талғат анықтаған жау аэродромын бомбалап, ондағы жау ұшақтарының өртке оранғанын хабарлайды. Радист оған ұшу уақытының бір сағат қырық минут алғандығын жеткізеді. Екі сағат уақыт, ол бұған сенгісі келмеді, өйткені, өзіне ұшып шыққаннан бері не бәрі отыз минут уақыт өткендей ғана әсер де болған еді.

Аэродромда барлығы Талғатты асыға күтуде болатын. Бұл ұшағын қондырған сәтте олар мұны ұшақ кабинасынан суырып алып, құшақтарына қысып, одан соң әуелете лақтырып қағып алумен болды.

Т.Бигелдиновті басқару пунктінде радисттің қасында табжылмай екі сағат бойы күтіп отырған корпус командирі, генерал В.Рязанов түрегеліп, қарсы алып құшағына қысып, сүйеді.

«Капитан Талғат Бигелдинов, саған алғыс білдіремін, шын көңіліммен алғыс айтамын! Әскери басшылық құрамы атынан ыстық ықыластарын білдіремін! Сенің бұл ерлігіңді басшылық ұмытпайды. Мақтануыңа болады! Өйткені сенің бомбалаушы ұшағың Берлин аспанында күндіз біздің әуе армиясы ұшақтарының ішінен ең бірінші болып көрінді!».

Міне, осылай Ақмола өңіріндегі Майбалық көлінің жағасында арба үстінде дүние есігін ашқан қазақ баласы, Бигелді малшының немересі фашизмнің ұясы болған Берлин аспанында ең бірінші болып, тарихта есімін қалдырып, Қазақ елінің мақтанышына айналды.

1945 жылдың сәуір айының басында 1-Украин майданының 2-ші әуе армиясының қолбасшысы сол кездегі генерал-полковник (кейіннен авиация маршалы) С.Красовский гвардия капитаны, эскадрилья командирі Т.Бигелдиновке екінші мәрте Кеңес Одағының батыры атағын беру туралы ұсынысты бекітеді. Арада екі ай өткен соң, 1945 жылдың 27 маусымындағы СССР Жоғарғы Кеңес Президиумның Жарлығымен Т.Бигелдинов екінші «Алтын Жұлдызды» кеудесіне тағады.

Майданда болған барлығы екі жыл уақыттың ішінде сержанттан капитан шеніне дейін өсіп, қатардағы ұшқыштан эскадрилья командирі дәрежесіне дейін көтеріліп, 305 рет әскери жауынгерлік ұшу ұрыстарына қатысып, 7 ұшақты атып түсіріп, ерен ерліктің үлгісін көрсеткен қазақтан шыққан (Орта Азия халықтарының ішінде де) тұңғыш екі дүркін Кеңес Одағының батыры Талғат Бигелдиновті Берлин аспанында болған бірінші тұңғыш қазақ деуіміз сондықтан.

Ал, **екінші тұңғышқа** тоқталар болсақ, ол Берлинге танкімен кірген қазақ Айтмағанбет Нақыпов.

Майдан даласында талай қанды шайқастарды басынан өткізген, жауға қарсы күресте ерен ерлік жасаған жауынгерлердің бірі – жаңақорғандық танкист Айтмағанбет Нақыпов болатын.

Ол 1942 жылдың шілдесінде екі жасын асыра көрсетіп, 18 жасында әскерге алынып, алдымен Ашхабадта кейін Чкалов қаласында қысқа дайындық курсынан өтіп, майданға кіреді.

А.Нақыпов Ұлы Отан соғысының отты жылдарында Кеңес Одағының маршалы И.Конев қолбасшылық жасаған 1-Украин майданындағы 3-гвардиялық танк армиясының ерекше полкінде «Т-34» маркалы №24 танк экипажында зеңбіректің көздеуші-атушысы болды. Взвод командирі лейтенант Минаев басқаратын танк взводы №24, №25, №26-шы үш танк экипажынан тұрды. Полк құрамындағы бұл экипаж қарулас майдандастарымен Смоленск, Орел-Курск шайқастарынан өтіп, Харьковті жаудан тазартты. Содан Житомир, Проскуров, Тернополь, Львов арқылы Батыс бағытындағы шабуылды өрістете отырып, Саидомир шайқасынан кейін Висла-Одер операциясына қатысады.

Дәл осы бағытпен біздің бірінші тұңғышымыз бомбалаушы ұшқыш капитан Талғат Бигелдинов те жүріп өтеді, өйткені ол қызмет ететін 2-гвардиялық әуе армиясының 2-корпусы да 1-Украин майданының құрамында болатын. 2-ші әуе корпусы көбінесе ержүрек командир-танкист генералдар Ротмистров, Рыбалко, Малюшенко басқарған танк армияларының шабуылдарын сүйемелеп отырды.

Айтмағамбет Нақыповтың танк экипажы 1945 жылдың 19 сәуірінде алдыңғы қатарлардың бірі болып шабуылмен Берлинге кіріп Рейхстагты атқылайды. Оның танкісі 1943 жылдан Берлинге дейінгі талай қырғын шайқастардан аман өтіп, жау ұясын алғашқы болып атқылағандықтан кейін Рейхстаг түбінде ескерткіш ретінде тұғырға қойылған.

Бұл қалай болған еді?

Тельтов қамалындағы жауды айналдыра қыспаққа алып, соққылау сол 1945 жылдың 19 сәуір күні кешке дейін созылды. Түнде де ұрыс қимылдары басылмады. Келесі күнгі таң алдында Берлин бағытындағы жау тосқауылдарын бұзажара 1-гвардиялық танк армиясының бір топ танкистері оқ жаудыра ілгері тартты. Олар елең-алаңда қала шетіндегі неміс аэродромының үстінен шыға келді. Сол заматта полк командирінің бұйрығы бойынша танк колоннасы екі жарылып, аэродромды атқылаған бойы ілгері өте берді. Жаудың 5-6 ұшағы қанатымен жамбастап, жер тіреген күйі отқа оранып қала берді.

Біздің танкистер 21 сәуір күні Берлин қаласына оңтүстік жағынан кіре бастады. Бұл танк армиясы басқа артиллериялық корпустармен, дивизиялармен, авиация корпустарымен нығайтылып жатқаны байқалды. Фашистер мықтап бекініп алған екен, табан тіресіп қарсылық көрсетті. Сол күні кешке Берлиннің қыспаққа алына бастағаны сезілді. Сонда да жау қарсылығын күшейте түсті. Олар шегіне отырып, тосқауылдарға жасырынып, үйүйлерді айналып кетіп, кез келген тұстан оқ жаудырады. Біздің танкистердің ілгері жылжуы саябырсыды. Немістерден босатылған тосқауылдарды пайдаланып, оқ жаудырып, артынан тың күштердің келіп жетуін тосты. Үш күн бойы қатарынан осылай соғысты.

Біздің армия 25 сәуірдің таңын үлкен шабуылмен бастады. Танкистер де Берлиннің іргесіндегі жау бекіністерін бұзып өтіп, қиыншылықпен ілгері жылжыды. Артиллерия үсті-үстіне соққы берді. Ұшақтар Берлинді бомбалап жатты. Полк танкистері танк үстіндегі десанттармен бірге түс қайта Берлинге Саарланда штрассесі арқылы келіп кіре бастады. Танктің жүрістері жылдамдатылды. Әрбір үйдің терезелері, шатырлары, бұрыштары атыс нүктесіне айналды. Танкистер қараңғы түсе Потсдам вокзалындағы фашистердің атыс ұясын талқандап, бекінісін басып алды.

Қала ішіндегі нағыз кескілескен ұрыс 30 сәуір күні басталды. Қым-қиғаш атыс. Біздің жаяу әскерлерде көше ұрысына кірісіп кетті. Снарядтар мен миналардың, бомбалардың жарылысынан құлақ тұнды. Айтмағанбеттің танк экипажы қаланың Герман Геринг штрассесі бойымен шабуыл жасай отырып, бас жағына жеткенінде үлкен бір алаңнан шыға келді.

– О-о-о, Рейхстаг көрінді! – деді танктің арт жағында отырған командир Минаев оң қолын алға қарай нұсқап. Оның нұсқаған жағында қаптаған буылдыр түтін арасынан бұлдырап биік күмбезді сұр үй көрінді.

Рейхстаг сол екен.

Айтмағанбеттің жүрегі шым ете қалды. Ол жалт бұрылып оқтаушы Минамутдиновке қарады.

– Зеңбірек оқталды! – деді оқтаушы. Айтмағанбет взвод командирі Минаевқа қарады.

– Соқ, Рейхстагты! – деді ол.

Айтмағанбет зеңбіректің ұңғысын туралап жіберіп тартып кеп қалды. «Гүрс» ете түсті. Рейхстаг теңселіп кеткендей сезілді. Сол күні түнімен мықты құрсауға алса да жау оңайлықпен берілмеді.

1 мамыр таңы зеңбіректердің гүрсілімен, пулемет, автоматтардың сарт та сұрт атылған үнімен атты. Взвод командирі, лейтенант Минаев танк экипажын 1 мамыр мерекесімен құттықтай келіп, енді Жеңіс күнінің де қашық емес екенін айтты.

Олар тағы шабуылға шықты. Жылжи отырып, Рейхстагты атқылай бастағанда, танкіге зеңбіректің оғы тиді. Танкі бір алға, бір артқа жылжып, жаудың көз алдында тұрып қалды. Танкіні от-жалын орай бастады. Жүргізуші-механик, радист-пулеметші екеуі де көз жұмыпты. Айтмағанбет пен Минамутдинов майдандас достарын өртеніп жатқан танк ішінен алып шыға берді. Айтмағанбет үстіндегі лаулап жанып бара жатқан комбинезонды өшіремін деп жүрген кезде: «Арманым жоқ, жаудың қираған ұясын көріп барамын» деген взвод командирі Минаевтің даусын естіп қалып, жанына жетіп барды. «Не болды?» деп сүйей бергені сол еді «Қош бол, елге сәлем айт» деп үзіліп жүре берді. Сол-ақ екен Айтмағанбет те ес-түстен айырылып, талып қалды.

Көзін ашса госпитальда жатыр екен.

– Жолдас танкист, Жеңіс күніңіз құтты болсын! – деді жанына келген ақ халатты медбике қыз жымиып. – Бүгін – 9 мамыр!

Палатадағы қалпақты репродуктордан көңілді музыка ойнап тұрды.

Айтмағанбеттің жүрегін шаттық кернеп, көзіне қуаныштың ыстық жасы үйірілді...

Бұл ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі А.Сопыбековтың «Сыр бойы» газетінде 2009 жылғы 9 мамыр, сенбі күнгі №86-87 шығарылымында жарияланған материалынан келтірілген үзінді.

Ал «Т-34» маркалы танктің А.Нақыповтікі екені қалай белгілі болды?

Айтмағанбет Нақыпов қызмет ететін танк полкі Ұлы Жеңістен кейін де Берлин іргесінде Германияда қалдырылған әскери құрамның тобында болады. Соғыс тоқтаған соң Берлин қаласының көшелері қираған үйінділерден тазартылып, қаланы қалыпты жағдайға келтіру жұмыстары жүріп жатады. Осындай күндердің бірінде танкист А.Нақыповқа Берлин қаласына қыдырып қайтуға демалыс беріледі.

Берлин қаласының көшелерін аралап келе жатқан ол Рейхстаг маңындағы алаңда тұғырға қойылған танкті байқайды. Тұғырға саты қойылған және оны сырлау жұмыстары жүріп жатқандығы көрініп тұрады. Көзіне жылы ұшырап, тексеріп көруге бекінген жауынгер сатымен өрмелей бергенде араларында полковник шені бар бір топ әскерилер келіп қалып, мұның не істегелі жатқанын сұрайды. Сонда танкист жауынгер тұғырдағы өзінің Рейхстаг түбінде өртенген танкісіне ұқсайтынын баяндайды. Полковник оны қалай дәлелдейтінін сұрайды.

А.Нақыпов Висла-Одер операциясы басталған уақытта терең сайдан өту кезінде танкінің оң жақ қанаты (крылосы) майысқанын, ол түзетілген болса «қанаттың астыңғы жағынан көруге болатынын, сондай-ақ, танк мұнарасында снаряд тигеннен қалған іздер, т.с.с. белгілерді атап айтып береді. Сол жердегілердің барлығы айтылған белгілерді көріп, нақ сол танк екеніне көздерін жеткізеді. Ал полковник оны құшағына алып, рахметін айтып, аман қалғанына қуанышын білдіреді. Сосын жанындағы арнайы бөлім өкіліне А.Нақыповтан Рейхстаг түбіне қалай жеткендері туралы егжей-тегжейлі анықтап, тексеріп құжатқа түсіруді тапсырады. Бір тәулік бойы осы арнайы бөлім өкілімен болып, барлығын баян етеді. Осылайша танктің Айтмағанбет Нақыповтың экипажынікі екендігі анықталып, тұғырдағы танкке өзінің №24-номері жазылып қойылады.

А.Нақыпов 1985 жылы 9 мамырда Ұлы Жеңістің 40 жылдығында өзінің қарулас майдангер жолдастарымен Мәскеу қаласында ұйымдастырылған полк ардагерлерімен кездесуге отбасымен барып қайтады. Сондағы кездесуде полк комсоргы болған қаруласы Айтмағанбет Нақыповқа Кеңес Одағының батыры атағын беруге ұсыныс болғанын, бірақ оның аяқсыз қалғанын баян етеді. Сөйтіп, А.Нақыповтың танк экипажының ерлігі еленбей қалады, әрі сол кездегі баспасөз беттерінде кеңінен насихатталмағандықтан бұл ерлік ескерусіз қалып келді.

Ұлы Жеңістен соң елге аман-есен оралған майдангер аудандық мал жайылымдарын суландыру мекемесін ұзақ жылдар бойы басқарып, зейнетке шықты. Өзінің жасаған ерлігін қарапайым міндетіне санап, бұл жайында ешқашан тіс жармаған еді. Тек, 1965 жылдан кейін Ұлы Жеңіске мән беріліп, соғыста көрсетілген ерліктер туралы айтылып, жазыла бастады. А.Нақыпов туралы да Одақтың «Огонек» журналында мағлұмат берілді.

Жергілікті басылымдарда жауынгердің ерлігі жайлы жарияланымдар Ұлы Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында шыға бастады. Нақтырақ айтқанда ақын, жазушы А.Сопыбеков майдангермен арнайы кездесіп, егжей-тегжейлі сұхбаттасады. 1985 жылы қазақ теледидары Жаңақорған ауданына арнайы келіп, «Қаһарлы жылдар шежіресі» деген айдармен «Қазақстан Ұлы Отан соғысында» көп сериялы бейнефильмнің 38-ші сериясына Айтмағанбет Нақыпов туралы түсірілім жасады. Сондай-ақ «Битва за Берлин» көп сериялы фильмінің 4-ші сериясында ерлігі 1:05:00 минутында көрсетілген.

2008 жылғы 9 мамырдағы «Караван» газетінің номерінде Берлинге танкімен кірген қазақ туралы журналист Александра Мыскинаның мақаласы жарық көріп, батыр ағамыздың ерлігі бағаланбағанын сол кездегі Берлинді басып алуға қатысқан 1-Белорусь майданының қолбасшысы болған Кеңес Одағының Маршалы Г.Жуков пен 1-Украин майданының қолбасшысы болған Кеңес Одағының Маршалы И.Коневтің арасындағы келіспеушіліктерден болғандығы баяндалады. Өйткені Берлинді алу 1-Белорусь майданына Жоғарғы Бас қолбасшы И.Сталин арқылы арнайы тапсырылып, Берлин операциясы басталар алдында сол майданның қолбасшысы болған Кеңес Одағының Маршалы К.Рокоссовскийді 2-Белорусь майданына қолбасшы етіп ауыстырып жібереді. Ондағы мақсаты – Берлинді ұлты орыс Г.Жуковқа алдыру еді. Мұнан біз қан құйлы соғыс жүріп жатқан кездің өзінде де солақай саясаттың қалмағанын көреміз. Бұл жағдай Берлиннің жүрегі – Рейхстагта Жеңіс туын желбіреткен оқиғаларда да орын алғанын тарихтан білеміз.

Енді, **үшінші тұңғышқа** келер болсақ, ол – Рейхстагқа алғашқы болып Жеңіс туын тіккен қазақ, лейтенант Рақымжан Қошқарбаев. Қайсар қазақ 1924 жылы 19 қазанда Ақмола облысының Тайтөбе ауылының маңындағы қыстақта дүниеге келген. Соғыс басталғанда Рақымжан Қошқарбаев 16 жаста болады. Ол да ер-азаматтармен қатар майдан шебінде отанын қорғауға сұранады.

1942 жылдың тамызында 18 жастағы бозбала Қазақстан және Орта Азия сарбаздарын әскери дайындықтан өткізген Көкшетау қаласындағы атқыштар полкі қатарына алынып, осы жерде 1943 жылдың жазына дейін болады. Одан соң Фрунзеге эвакуацияланған Тамбов жалпы командалық жаяу әскер училищесіне оқуға жіберіледі. Тек 1944 жылдың қазанында кіші лейтенант училищені үздік тәмамдап, майдан шебіне қосылады.

1945 жылдың 16 сәуірінде Рақымжан Қошқарбаев бас болған шабуылдаушы взвод Одер өзенінің батыс жағалауындағы Гроенойндорф елді мекеніндегі жаудың бетін қайтарады.

40 немісті қырып, үлкен калибрлі 3 пулеметті қолға түсіреді. Кеңес әскерлері алға қарай жылжиды. 1945 жылдың 29 сәуірінде Шпре өзені маңында қанды қырғын болады. Осылайша Одерден басталған шайқас Рейхстагқа дейін жалғасады.

Осы аралықта Рақымжан Қошқарбаевтың взводы 200 немістің көзін жойып, 184-ін қолға түсіреді. Майдан даласындағы жаудың 14 зеңбірегін, 27 үлкен калибрлі пулеметті, көптеген мылтық, оқ-дәрілерді жаудан тартып алады. Осы ерліктері үшін оған «I дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордені табыс етіледі. Соғыстың соңына қарай лейтенант 150-ші атқыштар дивизиясының 647-ші атқыштар полкінің барлау взводының командирі болады. Шапшаң қимылдайтын әрі көзсіз батыр қазақ ерінің есімі майдан шебінде аңыздай тарайды.

Берлин операциясы кезінде асқан ерлік көрсетеді. 30 сәуірде ол қатардағы жауынгер Григорий Булатов екеуі Кеңес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен жетіп, Жеңіс туын тікті. Осы ерлігі үшін лейтенант Рақымжан Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер Григорий Булатов Кеңес Одағы батыры атағына ұсынылды. Бірақ, олар тек жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен ғана марапатталған еді.

Рақымжанның майдандағы көрсеткен ерліктері мерзімді баспасөзде және көркем әдебиетте жан-жақты жазылды.

1958 жылы 28 ақпанда «Лениншіл жас» газетінде шыққан К.Қазыбаевтің «Рейхстагқа ту тіккен қазақ» очеркі жарық көргеннен бастап қазақ халқы Рақымжан Қошқарбаевты батыр деп қабылдады. Өзі де екі кітап жазып, қалдырды. Ол туралы 1980, 2005, 2022 жылдары кинофильмдер шығарылған. Ал осындай ерлік көрсеткен майдангерге неліктен Кеңес Одағының батыры атағы берілмеді?

Бұл жерде жоғарыда айтып кеткеніміздей солақай саясаттың құрбаны болды. Өйткені Герман әскері 1941 жылы ентелеп Мәскеу түбіне келгенде оны қорғап қалған 28 панфиловшылар мен Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров сынды батырларымыздың аты бүкіл әлемге мәшһүр болған болса, Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен батырдың тағы да қазақ болғанын Кеңес Үкіметі қаламады.

Р.Қошқарбаев 1988 жылы 10 тамызда қайтыс болып, Алматыдағы Кенсай зиратына жерленген. Тек бұл жасалған ерлікке 54 жыл өткен соң ғана Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 7 мамырдағы Жарлығымен оған қайтыс болғаннан кейін еліміздің ең жоғарғы ерекшелік белгісі – «Халық қаһарманы» атағы беріліп, өзінің лайықты бағасын алды.

Жалпы жоғарыдағы баяндалып өткен, оқиғаларды саралай отырып, екінші дүниежүзілік соғыс өртін тұтатқан фашистік Германияны талқандауда Кеңес Одағы әскерлерінің үлесі ерекше болғанын білеміз. Берлин операциясы өзінің белгіленген мерзімінен ерте басталды. Өйткені, екінші майданды ашқан Одақтастар әскерлері қиын жағдайға душар болып, Ұлыбритания елінің премьер-министрі У.Черчилль Кеңес Одағының басшысы И.Сталинге өтініш айтып, Кеңес әскерлері Берлинге шабуылды мерзімінен бұрын бастап жіберді.

Берлинге 160 шақырым қалған кезде күндіз Берлин аспанында 1-Украин майданына қарасты 2-гвардиялық әуе армиясы ұшқыштарының арасында ең алғашқы болып қазақ, гвардия капитаны, эскадрилья командирі Т.Бигелдинов өзінің №13 бомбалаушы ұшағымен барлау жүргізу мақсатымен барса, 1945 жылдың 30 сәуірі күні Рейхстагқа қазақ танкист А.Нақыпов бірінші болып жетіп, Рейхстагты атқылап, өртенген танкісі сол жерде ескерткіш болып тұрып қалса, сол 30 сәуір күні кешке 1-ші болып Рейхстагтың 2-ші қабатының фронтанына Қызыл ту желбіреткен қазақ лейтенант Р. Қошқарбаев болатын.

Берлинді алуда ерлік көрсеткен қазақтан шыққан үш тұңғыштың екеуі: Талғат Бигелдинов 1945 жылы 27 маусымда ерліктері үшін екінші мәрте «Кеңес Одағының батыры» атағына ие болса, Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі 54 жылдан соң ұлықталып, 1999 жылдың 7 мамырында «Халық қаһарманы» атағын қайтыс болғаннан кейін иеленді. Ал екінші тұңғыш танкист Айтмағанбет Нақыпов осы уақытқа дейін жасаған ерлігінің куәсі – танкісі Берлинде 80 жылдан бері тұғырда ескерткіш болып тұрса да кезінде Кеңес Одағы тарапынан және бүгінгі егемен елімізде де ұлықталмай, ерлігі ескерусіз қалып отыр.

2024 жылы танкист А.Нақыповтың туғанына 100 жыл толды. Ал биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аталып өтілмекші. Ендеше, осы 80 жылдан бері келе жатқан олқылықтың орнын толтырып, екінші тұңғыш қазақ Айтмағанбет Нақыповқа «Халық қаһарманы» атағын берсе, ұрпақ алдында ұлағатты іс болар еді. Әрі өзіміздің осындай ерлік көрсеткен танкист қазағымызды елімізге паш ете отырып, өзгелерге де үлгі санайтын едік. Ұлы Отан соғысы кезінде тек қана жаяу әскер сапында емес жойқын ұшақтарды меңгерген ұшқыш, соғыста ерекше болған «Т-34» маркалы танкісінің танкисі бола білгендерін ұрпақтары мақтан еткен болар еді.

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,**
**«Сыр бойы»**

ЖОБА

## Қызылорда облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 3) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Жосалы ауылдық округінің Сарытоғай разъезд елді мекені таратылып, Жосалы ауылдық округінің Жосалы ауылының құрамына енгізілсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** **Н.Нәлібаев**
**Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы** **М.Тлеумбетов**

Жоба

## «Қызылорда облысының аудандық маңызы бар қалаларда, кенттер мен ауылдық елді мекендерде жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 6 желтоқсандағы №667 және Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы №65 бірлескен қаулы және шешіміне өзгерістер енгізу және «Қызылорда қаласында жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкасын белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 20 наурыздағы №369 және Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 28 наурыздағы №19 бірлескен қаулы және шешімінің күшін жою туралы

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкасы Қызылорда қаласында 1 (бір) шаршы метрге 2300 (екі мың үш жүз) теңге, Байқоңыр қаласында 1 (бір) шаршы метрге 474 (төрт жүз жетпіс төрт) теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. «Қызылорда облысының аудандық маңызы бар қалаларда, кенттер мен ауылдық елді мекендерде жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 6 желтоқсандағы №667 және Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы №65 бірлескен қаулы және шешіміне осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес өзгерістер енгізілсін.

3. «Қызылорда қаласында жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкасын белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 20 наурыздағы №369 және Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 28 наурыздағы №19 бірлескен қаулы және шешімінің күші жойылсын.

3. Осы бірлескен қаулы және шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б. Жахановқа жүктелсін.

4. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** **Н.Нәлібаев**
**Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы** **М.Тлеумбетов**

2025 жылғы «__» _____ №___
Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысына
және 2025 жылғы «__» _____ № ___
Қызылорда облыстық мәслихатының шешіміне
қосымша

Қызылорда облысының аудандық маңызы бар қалаларда, кенттер мен ауылдық елді мекендерде жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары

| № | Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің атауы | 1 (бір) шаршы метрге төлемақының базалық ставкалары, теңге |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. Қызылорда қаласы бойынша | | |
| 1) | Тасбөгет кенті | 500 |
| 3) | Белкөл кенті | 300 |
| 9) | Махамбетов ауылы | 250 |
| 12) | Қарауылтөбе ауылы | 120 |
| 13) | Қызылжарма ауылы | 300 |
| 2. Арал ауданы бойынша | | |
| 1) | Арал қаласы | 530 |
| 2) | Сексеуіл кенті | 240 |
| 3) | Жақсықылыш кенті | 185 |
| 3. Қазалы ауданы бойынша | | |
| 1) | Қазалы қаласы | 535 |
| 2) | Әйтеке би кенті | 574 |
| 4. Қармақшы ауданы бойынша | | |
| 1) | Жосалы кенті | 400 |
| 2) | Төретам кенті | 300 |
| 7) | Ақай ауылы | 210 |
| 5. Жалағаш ауданы бойынша | | |
| 1) | Жалағаш кенті | 350 |
| 6. Сырдария ауданы бойынша | | |
| 1) | Тереңөзек кенті | 300 |
| 7. Шиелі ауданы бойынша | | |
| 1) | Шиелі кенті | 450 |
| 9) | Бидайкөл ауылы | 215 |
| 11) | Байсын ауылы | 215 |
| 17) | Алғабас ауылы | 215 |
| 18) | Ы. Жахаев ауылы | 215 |
| 32) | Ш. Қодаманов ауылы | 215 |
| 8. Жаңақорған ауданы бойынша | | |
| 1) | Жаңақорған кенті | 400 |
| 2) | Шалқия кенті | 220 |

## Хабарландыру

«Транс Азия Констракшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2025 жылдың 24 ақпан күні жергілікті уақыт 15.00-де серіктестік мүшелерінің кезектен тыс жиналысы Қызылорда қаласы, Е. Көшербаев көшесі, 94 үйде өтетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:
1. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту
2. Әр түрлі.

# АРАЛДЫҢ АРДАҚ ТҰТҚАН БІР АҒАСЫ ЕДІ

Фото: Ашық дереккөзден.

«Ел ағасыз, тон жағасыз болмайды» дейтін данагөй халқымыздың керемет сөзі бар. Елдің төрт құбыласын түгендеп, байырқалы қылатын, айрандай ұйытып байыпты жолға бастайтын зиялы аға, текті абыздары. Зиялылық қанында бар жайсаң жанды ағалардың қашанда шуағы жұртына мол түседі. Соларды құрмет тұтып өстік, үлгі көрдік, олардан өнеге үйрендік. Жақсылар жүрген жол өзгелерге ұлы даңғылдың бастауы болады.

«Айдынды Арал өңірінде ел-халық арқа сүйер, ардақты ағалар кімдер еді?» дегенде, әрине біздің аузымызға ең әуелі оралатындардың бірегейі – тұрпаты бөлек тұлғалы азамат Қуанышбай Ердіхалықов. Халықтың бел ортасынан шығып, ондаған жылдар озық ойлы қатарлас, замандастарымен иықтаса жүріп, игілікті оң істерімен айрықша көзге көрінген. Жұрт тұрлаулы тұлға деп танып, қарымды қайраткер деп біліп барынша қадірлеген.

Қуанышбай ағаны біреулер өзінің төл саласы энергетиканың аймағымыздағы сақшысы деп білді. Енді біреулер ұзақ жылдар ел-жұрттың аманатын абыроймен арқалаған ақиқатшыл депутат деп таныды, енді біреулер қысылғанға қамқор болған, жаны жаралыны жұбатқан, қайыр-қомы мол азамат деп арқа сүйеді, ал ұлы теңіздің бір қойнауы «Көкаралдың» тумалары оны туған жердің шын жанашыры, атажұрттың бүкіл өткенін шегелеп жазған, жоғалмастай қылып хаттаған атамекеннің біртуар перзенті деп қадірледі. Жастар жағы оны айтары мол ақылман, өнер мен спортта байрақ көтеріп аудан намысын қорғауға талап қылып талпынғандарға демеуші деп сыйлады.

Жай-күйі жақсы, дәулеті бар, бақуатты адамдар баршылық қой. Ал солардың бәрі көңілі жарым жандарға, әсіресе көздері жәудіреген балаларға қолындағы барынан беріп жатыр дей алмаспыз. Ал Қуанышбай аға өмірдің сынақталқысына ерте түскен сондай бүлдіршіндерге қай-қай уақыттан бері қамқор қолын дер уақытында, дер кезінде созып, жүрегінен шыққан шуақты да жылы сөзін айтып келді.

Осыдан он шақты жыл бұрын қаламыздағы №262 мектеп-гимназияда тұрмысы төмен отбасынан шыққан және мүгедек балаларға қайырымдылық акциясын жасады. Сол акцияда өзінің атымтай жомарттығымен көрінген бұл кісі олардың және ата-аналарының қаяулы жүзінде қуанышты күлкі табы білінгеніне өзін бақытты сезініп тұрған. Сірә, жақсылық жасау, өзгеге шарапатын тигізу сонау ата-баба тектен келе жатқан жанының жарық шамын жарқыратып жаққан бір жаратылыс-болмысы болар.

Сол шараны ұйымдастырушы ұстаздар мен оқушылар акция соңында Қуанышбай ағаға дән ризашылығын өлеңмен жеткізгені есімізде. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, сол шарада барша қатысушыларды риза қылған осы бір өлең жолдары біздің есімізде әлі күнге дейін сақталып, жатталып қалып қойыпты.

Халқы үшін ашық оның
жүрегі,
Мейірім шашып ұрпағына
жүреді.
Ел тұтқасы Қуанышбай
ағамыз –
«Көкаралдың» қыран қанат
түлегі.

Адалдықтың арлы жолын
таңдаған,
Ана-жұртқа ақ ниетін
арнаған.
Арқасында Қуанышбай
ағаның
Жас өрендер арманына
самғаған.

Аға салған парасатты
жолдамыз,
Кеңейеді білімменен
арнамыз.
Жүзге жетіп, ақсақал боп,
нар аға,
Мұзбалақтай ешқашан да
талмаңыз.

Жомарт жүрек Қуанышбай
ағамыз,
Біздер үшін қымбат
сіздің бағаңыз.
Атымтайдай атағыңыз
жер жарып,
Айта берсін сіз туралы
ел аңыз, –

деп бәрі қосыла өлеңдетіп, соңынан «Рақмет, Аға! Рақмет, Аға!» деп асқақтата, рухтата аяқтаған.

Қуанышбай ағаның өмір жолы тап болған, ұшырасқан қиындықтар мен кедергілерді жойып, алға ұмытылудан тұрады екен. Әйтпесе ол жүрген жол тақтайдай тегіс болған жоқ. Оның ғибратқа толы өмірінің жасампаздықпен сәулеттенген негізгі бағдаршысы да, жаңа істерге леп беретін бастаушысы да өзі болды.

Ол 1943 жылдың мамыражай мамырында айдын шалқар ұлы теңіздің батыс қойнауындағы ғажайып өңір «Көкарал» елді мекенінде өмірге келген. Бұл ауыл ол кезде «Ленин» колхозы деп аталатын. Асау толқынмен арпалысып, су маржанын сүзген нар кеуделі балықшылар ауылы еді. Жарықтық әкесі Жәрмен қайратты әрі көзі ашық, көкірегі ояу кісі-тін. Қиындағы түкпірден қалаға келіп, балық тресінің оқу бөлімінен білім алған. Ауылда алғаш боп мектеп ашылғанда, сонда бала оқытқан. Онан кейінгі жылдары осы балықты өңірді түлету, заман талабына сай өндірісін жолға қою, жан-жақты дамыту үшін бір кісідей-ақ маңдай терін төккен. Сөйтіп колхоз құрылысының бір ардагері атанды. Бірнеше мемлекеттік марапаттар да алды. Жәрмендей айбарлы әке мен асыл ана Зейнегүл тәрбиелеп өсірген алты баланың бірі Қуанышбай аға «Әке көрген оқ жонар» деп өмір бойы елдің жүгін ер болып арқалап келе жатса, ол халқы сүйген ардақты әкенің жолын жалғастырғаны еді. Әрине, Қуанышбай ағаның бірге туған бауырлары Шыман, Сайын, Биболаттар да аяқтарын үзеңгіге салғалы әртүрлі салада жарқырап көрінген өз мамандықтарының елге танылған үздіктері атанды. Ең бастысы қай-қайсысы да «Болсаң Жәкеңнің балаларындай бол!» деген ел аузындағы мақтау сөздің тууына себеп болды. Жақсы әулеттегі жақсы дәстүр жалғасын табады ғой, қазір келесі буын ұрпақтары еліміздің түкпір-түкпірінде еселі еңбек етіп, бақ жұлдыздарын жағып жүр.

Иә, Қуанышбай аға әуелі ауылдағы мектептің бар сыныптарын тауысып, одан соң №22 Ауан орта мектебінде оқып, 1960 жылы тәмамдаған. Мұнан соң туған жерден ұзап Кеңес Армиясы қатарында азаматтық борышын өтеді. Арал қаласындағы ауылшаруашылық кәсіптік училищесін, кейін Алматы энергоқұрылыс техникумын бітірген. Алғашқы еңбек жолын ең қарапайым мамандықта – тракторшы, электрик болып бастаған. Өмір ағысы, жүрек қалауы Қуанышбай Жәрменұлын тұлға ретінде қалыптастырған сала – энергетикаға әкелді. 1970 жылдан бастап Арал аудандық электржүйесі мекемесінде диспетчер, мастер, инженер, бастықтың орынбасары секілді басқыштармен жоғары өрлете бастады. Жауапкершілігі өте мол салада бірте-бірте сатылай өсуі оның іскерлігін, техникалық білімінің тереңдігін, дұрыс шешім қабылдау қабілетін даралады. Сөйтіп Қызылорда облысы энергетиктері арасында бай тәжірибеге ие маман-кадрге айналдырды.

Еліміз тәуелсіздік алып, қай-қай салада да өзгерістер бола бастағаны секілді, жұртшылықты жарықпен қамтамасыз етуге, энергетикада да жаңа жүйелер, нарықтық заманға бейімделу, уақыт сұранысына сай болу кезек күттірмеді. Осы тұста Қуанышбай Ердіхалықов басшылық қызметке жоғарылатылды, сенім артылды. 1995 жылдан бастап аудандық электр энергиясы мен жабдықтау мекемесінің бастығы, 1998 жылдан Арал, Қазалы аудандарын жабдықтайтын «Дәулетэнерго» ЖШС директоры қызметтерін атқарып, тек таяу айларда ғана басшылық қызметін кейінгі буындарға табыстап, марқайған көңілмен еңбек демалысына кетті. Өйткені, осы мекеменің ә дегеннен іргетасын қалап, керегесін кеңейткен, шаңырағын биіктеткен еді.

«Бейнеттің де зейнеті бар» дегендей, жарты ғасырдан астам еңбек жолын жүріп өткен азамат ендігі кезекті ақылман абыздыққа, ел-жұрттың алдындағы аталыққа орын ауыстырған. Талай-талай белгілі азаматтар, ел таныған ерен тұлғалармен қызметтес, дәмдес, сыйлас болып жүріп, қаншама өмір ғибраттарын жинап, енді соны кейінгі буынға жеткізетіндей шаққа жетті.

Біздің алдыңғы буынның белгілі азаматтарының айтарлықтай бір ерекшелігі – жан-жақты білімділігі, екі тілге бірдей жүйріктігі, тарихты да, басқаны да көп оқитындықтары, сондай-ақ өнер мен мәдениетке дендеп, көркем әдебиетті бойларына терең сіңірген рухани бай, рухты жандар болды. Солардың бір үлкен өкілі осы Қуанышбай аға деп айтар едік. Ұзақ жылдар бойы көз жанары ауырып, қиналып жүрсе де, бұл кісінің небір кітаптарды ақтара талдап, ой түйіп отыратындығы білінетін.

Кейінгі жылдар бедерінде ағаның қызметтік кабинетіне бас сұғып тұрдым. Бір аңдағаным жұмыс столының бір бұрышында үнемі ондаған кітаптардың жиналып тұратындығы. Және газеттер тігінділерінің жататындығы. Сөйлегенде де әр кітап туралы пікірін айтып, данагөйлердің ұлағатты сөздерін мысалға келтіріп, тамсанып отыратын. Ара-арасында: «Сен мынандай кітапты оқыдың ба? Оқымасаң, оқы, керемет» дейтін. Сол көп оқығандығынан, көп ізденгендігінен болар қолына қалам алып, «Құтты шаңырақ», «Дүйсем аталығының шежіресі» кітаптарын жазып, баспадан шығарды. Ал жазу қабілетінің бір үлкен айғағы 2020 жылы жарық көрген «Тарихы кенен Көкарал» кітабы болды. Бұл тарихи-ғұмырнамалық жинақ ата-бабаларына жайлы қоныс болған атамекенге деген мәңгілік әрі сарқылмас сағынышынан туған кітап. Жүрек пен санадағы сартап сағыныш ешқашан тарқамас, өйткені Қуанышбай аға жағасында өскен баяғы ұлы Арал теңізі көз алдында тартылып, туған ауылы «Көкарал» айналдырған 20-30 жылда жер бетінен біржолата жойылып кетті. Кешегі балықшылар амалсыз жан-жаққа жамырай көшті. Туған жерде ауылдың көне жұрты мен атабаба бейіттері қалқиып қалды. Осының бәрін көзбен көрген, көңілден өткерген арда азамат географиялық картадан жойылған ауылын санасында қайта жаңғыртып, аталған кітапты жазуға итермелеген. Бір жағы ол перзенттік мұраты да болған шығар. Сөйтіп кешегі қауым елдің жан-жаққа тараған ұрпақтарына ескірмес естеліктер қалдырды. Біздің бақытымызға қарай, Қуанышбай аға осы кітапты «Арал әлемі» газетінің редакциясында бір жобаға келтірді. Содан да кітаптың ақырғы жазылып шығуы көз алдымызда болды. Кей жерлеріне журналист ретінде азды-көпті септігімізді тигіздік. Осы жерде Қуанышбай ағаның қаламгерлік жұмысымен етене таныстық.

Нешеме жылдардан бері жинаған материалдары қомақты-ақ екен. Және де аудандық архивті ақтарып, өткен күндердің айғақтарын түгендеген. Ұлы Отан соғысына аттанғандардың, майдан даласында ерлікпен қаза тапқандардың бірін қалдырмай анықтап шыққан.

«Көкарал» маңының жер-су аттарының өзі неге тұрады. Өткен тарихтың куәсіндей болған құтты қойнаудың әр сайы, әр төбесі, әр қорымы аталып, бәріне де сипаттама беріп отырады. Балықшылық кәсіптің, оған қатысты құрал-жабдықтардың, балық аулаудың барша қыр-сырын мұқият ашып көрсетеді. Кітаптың бұл жағынан танымдық мәні өте зор боп шықты. Жалпы соңғы жылдары өңірімізде шығып жатқан айдынды өлкеміз туралы кітаптардың ішіндегі ең мазмұндысы, ең үздігі екендігін оқыған адам мойындайды. Қазір теңіз жағалауындағы басқа да жойылған ауылдардың бұрынғы тұрғындары өз атақоныстары туралы осындай кітап жазуды армандап жүр.

Таңнан кешке дейін өзінің қарбаласы көп жұмысында жүрсе де, жұмыстан соң әрбір айғақты мұқият зерделеп, зерттеп дәлдеу үшін сағаттап тапжылмай отырып қағаз жазатын. Ерінбейді де жалықпайды. Сөйтіп кештің батып кеткенін де байқамай, жазуы түгелденгенше отыра беретін. Мұндай еңбекқорлығы бізді де тәнті етті. Сірә, ағаның қызметтегі биіктері осындай қажымас күш-қайратының, дамылдау дегенді білмес жұмыскерлігінің арқасында келген болар. Ақыры 240 беттік энциклопедиялық сипаттағы кітапты оқырмандардың қолына өте сапалы етіп тигізді.

Еңбек елеусіз қалу мүмкін емес қой. Ел құрметіне бөленген Қуанышбай ағаның марапаттарының өзі бір төбе. Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген энергетигі, Арал ауданының Құрметті азаматы. Бірнеше мемлекеттік медальдің иесі. Халық сеніміне қалтықсыз ие болып, Арал аудандық мәслихатының екі шақырылым депутаты болып сайланған.

Асыл жары Патшайым екеуі алтын асықтай алты бала тәрбиелеп өсіріп, бүгінде олар бір-бір шаңырақ болып, Ердіхалықовтар әулетінің ауқымын көбейтіп отыр.

Біздің жақында жарық көрген «Аралдың адамдары» деген кітабымыз бар. Айдынды өңірдің белгілі-белгілі айтулы, арда азаматтары туралы қарапайым өлеңдерден тұрады. Сол поэзиялық кітапта Қуанышбай Ердіхалықовтың біз таныған болмыс-бітімін өзімізше өрнектеуге арналған өлең шумақтары бар.

Жігіт екен баталы,
Өзгемен жоқ шатағы,
Жарқыратып жарықты,
Шықты елге атағы.

Халық қамын ойлапты,
Талант көрсе жайнатты.
Қай кезде де Қуекең,
Тура жолдан таймапты.

Әрбір ісін сай қыпты,
Мекемесін «бай» қыпты.
Қуекеңе бұл күнде
Жетер екен қай мықты?!

Сол біз айтқан ерен мықтылық оның өмір бойғы жолдан тайдырмас серігі, жаңылдырмас жолдасы болды. Сол мықтылық оны мұрат еткен биіктеріне шығартты, еркін самғатты. Сондықтан да біз де, басқалар да мықтының аты мықты ғой деп әрдайым тамсаныс білдіріп еске алып отырмыз.

**Ерғали АБДУЛЛА,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

ҮШ ӘҢГІМЕ

Лиық дерекқоз негізінде дайындаған Г.Отенова

# ДӘМСІЗ ҚАУЫН ЖӘНЕ БАЛА ТӘРБИЕСІ

Жолаушылар көлігінде қатар отырған екі егделеу кісі әңгімелесіп келеді.

– Немерелеріме қауын сатып алып едім, тіптен ебедейсіз сопақ, дәмі де жоқ, – дейді алғашқысы. Оны екіншісі де қоштап, қауынның дәмсіздігін әңгімелеп келеді. Менің түсер аялдамама дейін әлі біраз жер бар, ойланып кетіппін.

...Ілгеріде үй жанындағы қоршалған жерге қауын егеміз. Жиырма қарық. Шамамен 8-10 сотық жерге. Жетінші сынып бітірген жылдан бастап осы шаруаны атқару менің міндетіме енді. Өйткені, әкем ауыр науқастан кейін таяқ сүйеніп қалған. Ал бұрынырақ мақталықта жүріп, жай отына тап болған шешем болса да мұндай жұмыстарға жарамайды. Іні-қарындастарым жортпаш. Иә, сонымен әкемнің үйретуімен мамыр айының 2,3-нен қалдырмай алдын ала суарылған, ызасы бар жерге дән тастаймыз. Көктеп шығысымен жегенелеп, әр ұяда бірер ғана көшет қалдырамыз. Сонан кейін төрт құлақ болғанында әкем қолына кетпен алып 2-3 ұяның айналасын шауып көрсетеді.

– Міне, әр ұяның айналасын осылай ошақ орнындай етіп, босата бер, – дейді. – Біріншіден, арам шөбі өледі, ауа жұтады, екіншіден, ыза жақсы тебеді. Арада бірер апта өткен соң пәлек торғай көлеңкелеуге жарағанда тағы да қауын айналасы шабылып, түбі көміледі. «Өсімдік кетпеннің өкімін сезіп, ауа жайылмауы үшін қажет» дейді бұл кезде әкем. Ал қауын гүлдей бастаған кезде осы агротехникалық шара тағы бір қайталанады. Қауынның түбі де қопсытылады, арам шөбі де шабылады. Айтпақшы, пәлектің мұртшалары қайқайып аспанға қарай шаншыла бастаса, күн шығар кезде қызыл жыңғылмен сипай ұрып жасқап тастайсың. Бұл қауынның қау пәлек болмауы үшін қажет. Сонан соң арық ішіне түскен пәлектерді сыртқа шығарып қою керек, ызадан шірімеуі үшін. Ол кезде қауынға ешқандай минералды тыңайтқыш берілмейді, жердің құнарымен табиғи жетілгендіктен қауынның дәмі керемет! Тағы бір есімде қалғаны, шілде айының 9-ында алғашқы әңгелекті үземіз. Арада оншақты күн өткенде қауын да жүзін жуып қалатын-ды. Мұны бір дақылға жасалған күтім әрі тәрбиелік шара десе де болады.

Мұны егжей-тегжейлі айтып отырғаным, адам болсын, жануар болсын, өсімдік болсын өсу дәуірінде тәрбие көруі керек. Сонда өнімді болып, айналасына пайдасы тиеді. Жоғарыда айтқанымдай, кетпеннің өкімін сезген қауын доп-домалақ немесе сәл ғана сопақшалау, жинақы да дәмді болады. Иісі қандай десеңізші! Ал қазіргі дәрінің күшімен тез жетілдіріп, пайда табуға арналған өнімдер әрине әлгіндей қолапайсыз, нәрі де, дәмі де сапасыз. Сондай-ақ қазір көпшілік бала тәрбиесін қолдан шығарып алғандай. Ата-ана тек балаларының қажетін тауып беруші, асыраушысына айналып бара ма? Жас өскінді көше және телефон тәрбиелеп келеді. Нәтижесі қалай болары белгісіз. Қоғамның кері кетпеуі үшін дақылдың айналасын қопсытып, түбін бекемдегендей, ауа мен судың уақытылы берілгеніндей шаралар үздіксіз, тиянақты біліктілікпен жүргізілсе кәні!

Ал жолаушылар көлігіндегі екі егде кісі ұсқынсыздау сопақша қауындарын қолтықтап аялдамадан түсе бастады...

# ШІРКІН, БАЛАЛЫҚ...

Қазіргі атпал азаматтар да, өмір баспалдағын аттап келе жатқан жігіт-желең де, кешегі қилы заманның қыстауын еске алған қариялар да осы бір сөзді тамсана айтады. Тәтті қиялға беріледі. Не сиқыры бар екен, соншалықты? Оны... оны адам тілмен айтып жеткізе алмас, айтып тауыса алмас. Себебі әр пенденің балалығы әр қилы, әртүрлі жағдайда, түрлі ортада өткен. Бірақ, бәріне ортақ бір нәрсе бар. Ол – балалық шақтың қайта оралмауы. Өкініштісі де, қызығы да сол. Бәріміздің шіркін, балалық деп тәтті тамсанатынымыз сондықтан болар.

Замана желінің соғысына байланысты әр ұрпақтың балалығы өз ерекшеліктерімен есте қалады.

Қазіргі балалар қалай өсіп келеді? Беймаза базарлы өмірдің кейбір сәттерінде осыны ойланамын. Пойыз купесіндегі екі-үш серігім де әр шалғайдан бір оралып, әңгіме соғып отырған. Кенеттен ішке енген он-он бір шамасындағы бала сөмкесінен шемішке шығарды да, екі стаканын үстел үстіндегі газетке аудара салды.

– Оу, мұның не?

– Жол ұзақ, шағасыздар ғой. Бұл әлгі кішкентай саудагердің сөзі. Купедегілер бір-бірімізге аңтарыла қарадық. Кіп-кішкентай болып, ересек адамша сөйлейді.

– Шемішке сұраған ешкім жоқ қой.

– Ермек болады. Қымбат та емес.

Бала кетер емес. Қалағанын орындатқаннан соң ғана әрі қарай жылжыды. Әлгі бала келесі купеде де осылай саудасын жалғастырып жатты.

Бір кезде газет-журнал сатып, сол шамалас екінші бала келді.

– «Лиза», «Гороскоп» бар. Қымбат емес, алыңыздар. Білімдеріңізді көтеріп, жаңалыққа қарқ болыңыздар! Сөзі де, пайымы да үлкен адам секілді.

– Бала, нешінші класта оқисың? – деп сұрады өзін мұғаліммін деген келіншек.

– Төртінші класта. Ағам екеуміз кезектесіп сауда жасаймыз.

– Ал, сабақ қайда?

Мұғалім қадала сұрақ қойып жатыр.

– Апай, мен «больничныйда» жүрмін.

Ал керек болса. Бұған не дерсің?

Тақ-тақ етеді. Мына түрімен ересек кісіні жаңылыстырады. Баланың көзіне қарадым. Қай кезде де адамның көз жанары әрідегіні көрсетеді. Баланың көзінде балалықтың белгісі де жоқ. Ерте есейіп кеткен. Сұп-суық. Бермесіңді алуға әбден әзірленгендей.

– Сауда жасамасаңыздар, қолымды ұстамаңыздар! Бала газет-журналын қолтықтап әрі кетті.

Газет сатушы, шемішке сатушы балаға қарай отырып, аяныш сезімі пайда болды.

Шіркін, балалық! Бұл балалар мәжбүрліктен осылай жүрген болар. Көпшілік арасында сауда жасай жүріп, ерте есейіп кеткен-ау. Кәсіпке жастай үйрету керек дегеннің осындай кереғар екінші жағы да бар екен-ау. Табиғаттың белес-белеске бөлген мерзімін секіріп өтемін деу де бақыт емес көрінеді. Бала өссе, бала болып деген ой көкейде кетіп барады.

# ДЕЛДАЛ

Өтірік айтуды өзіне өлім санайтын-ды, сауда жасайтындарды «саудагер» деп тіптен жаратпайтын-ды. Алайда шыр айналған дүниемен бірге кейде ұғымтанымың да өзгеріп кете береді екен ғой.

Келте тонының жағасын көтере түскен Есіл бір сәт осылай ойлады. «Ақпанның таңы аязды болмаса да, суық желі өтіп барады ғой».

...Озат шопан атанып абыройға бөленген әкесі бір күні аудан орталығында өткен жиыннан түнделетіп оралды да, таңертең төсегінен тұра алмады. Науқастанып көп те жатпады, айналасы оншақты күннің ішінде бақилық болып кете барды.

«Туралап келген бәле болды ғой» дейтін шешесі көзінің жасын сығымдап отырып. Маркұмның қырқы өтер-өтпестен-ақ мұны аға шопандыққа өткізіп қойыпты ферма басшылары. Оны қабылдау актісіне қол қойдыруға келгенде бір-ақ білді. Шешесі де қарсы бола қоймады, басқа амал да жоқ еді өзі. Күнкөріс.

Қыстау басындағы үш бөлме совхоздың үйінен өзге баспаналары да жоқ екен. Жарықтық әкесі қысы-жазы қара қойдың соңында жүріп, оны қамдай алмаған да шығар.

Екі әпкесі тұрмыста. Әкесі Есілді сегізінші сыныпты бітірген соң жанына алған. «Малдының беті жарық, малсыздың беті шарық», атакәсіптен қол үзбе» дейтін. Расында, сол шамада жүз шақты қойы, оншақты ірі қарасы бар болатын. Бәрі кейін жым-жылас, жылан жалағандай жоқ болды ғой. «Ортақ мүлікті тарату дей ме, жекешелендіру дей ме әйтеуір, бір апалаң-топалаң басталды да қара қойың қырық бөлекке ұшырады. Отардағы малды бартерге айырбастау, мәшинелеп сату деген әдет шықты. Не керек, соңыра Есілдің малы кем шығып, мойнына қарыз мінді. «Ана жалмауыз дөкүменттен ұрды ғой» дейтін шешесі көз жасын көл етіп. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» кеткен кезде мұны тыңдар құлақ қайда?! Сиырларын соның өтеміне беріп, әйтеуір айдалып кетпей, зорға аман қалды.

Ауыл орталығындағы жамағайынның екі бөлмесін паналады амалсыз. Жұмыссыздық деген бір қасірет екен ғой өзі. Бірер ай бос сандалып, кейіннен ауылдас жігіттермен бірге отын шауып, сатуға шықты. Азаннан қара кешке дейін еңбектенгенінде табатыны 200-300 теңге. Бұған да шүкіршілік етеді. Осылай күн өте берер ме еді, әкесінің құрдасы Бәкір, «Әбекеңе берешек едім» деп бір ешкіні әкеп тастамағанда.

Сол малды базарға шығарсын. Үш мың теңгеге өтсе риза еді көңілі. Жанына саулық қой сүйреген жортпаш баласы бар әйел келсін. Тарыққан жан-ау, жобасы.

– Қарағым, мына малды сатуға жәрдемдес, төрт мың болса деп діттеп тұрмын. Мен баламды шәйлендіріп келейін, – деді ол.

– Жарайды.

Сәлден кейін ақ ешкіні сипап, қойдың арқасын басып көрген мұртты кісі.

– Екеуін он мыңға аламын. Қойға алты, ешкіңе төрт, – деп қолын ұсынды. Қапелінде сасып қалған бұл үнсіз басын изей беріпті. Баласын тамақтандырып оралған әйелге өзі айтқан төрт мың теңгені беріп, бет-аузы алаулап ұзай берді. Бір базарда бақандай үш мың теңге тапты емес пе!

Сол сол-ақ екен, «дәндеген қарсақ құлағымен ін қазадының» кері келіп, жексенбі сайын мал базардан қалмайды. Біреуге мал әперсе, біреудің малын сатысады. Мұндайларды делдал дейді екен. Әрекеті тегін емес, әрине. Әрқайсысынан 500-600 теңге ойнайды. Өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай айта білу де өнер екен алып-сату барысында. Есіл келе-келе әбден төселіп алды. Бет-аузы қызармайтындай болып қалыңдады. Күнкөрісі де түзелді. Аздаған ақшаның басын құрап үйленіп алса, шешесіне ермекке сауын сиыр әперді. Көзін тапқанға делдалдық малтабар кәсіптің өзі екен.

Кірер есік алдында сиыр жетектеген адамның алыс ауылдан екендігін тез аңғарған Есіл:

– Көке, бас жіпті бері әкеліңіз, қырық мыңға өткізіп беремін, – деп аузы жыбырлап ішкі есебін де түгендеп бара жатты.

Иә, «заманына қарай амалы» деген осы шығар...

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Шиелі ауданы

ДЕНСАУЛЫҚ

# БАЛА САУЛЫҒЫНА БЕЙҚАМ ҚАРАМАЙЫҚ

Кейде балаларда бұлшықет тонусы төмен болады. Ол орталық жүйке жүйесінің (ОЖЖ) жұмысымен тікелей байланысты. Гипотонус бұлшықет жүйесінің сыртқы ортаның әртүрлі тітіркендіргіштеріне белгілі бір реакциясының болмауы кезінде байқалады. Болашақта мұндай бұзушылық баланың физикалық және ақыл-ой дамуына, оның жалпы қозғалыс белсенділігіне әсер етеді.

Гипотонус жүйке жүйесінің стреске бейімделуінің нәтижесі де, өрескел (органикалық) бұзылулардың белгісі де болуы мүмкін. Себептерді анықтау және ықтимал ауыр бұзылулардың алдын алу үшін ата-аналар барлық қажетті зерттеулерді жүргізетін невропатологқа баруы керек. Гипотонусқа босану кезіндегі асқынулар, ұрықтың асфиксиясы, жүктіліктің ауыр ағымы, баланың дұрыс ұйымдастырылмаған тамақтануы, генетикалық аурулар және әртүрлі ақаулар, дене салмағының жеткіліксіздігі, шала туу, жүктілік кезіндегі ананың жаман әдеттері себеп.

Жаңа туған нәрестенің вирустық немесе жұқпалы аурулары, денедегі Д витаминінің артық мөлшері де әсер етеді. Невропатологқа ертерек бару ықтимал асқынуларды күтпестен мәселені мүмкіндігінше тез және тиімді шешуге көмектеседі. Гипотонустың неврологиялық белгілерінің болу-болмауын, патологиялық рефлекстерді бақылайды, қажет болған жағдайда қосымша зерттеу әдістерін тағайындайды.

Тәжірибесі жоқ аналар баласындағы бұзушылықтарды көрмеуі мүмкін. Егер тонустың төмендеуі емделмесе, бұл баланың одан әрі дамуына әсер етеді. Ол кейінірек басын ұстап, жорғалап, жүре бастайды. Бұл дағдылардың пайда болуының бұзылуына, баланың психикалық және сөйлеу дамуының кешеуілдеуіне әкеледі. Орталық жүйке жүйесінің дамуы мотор функцияларын белсендіру арқылы жүреді.

Бұлшықет тонусының бұзылуы кез келген жаста пайда болуы мүмкін, бірақ оның өмірдің алғашқы 2 жылында пайда болуы әсіресе қауіпті, өйткені бұл көбінесе ОЖЖ дамуының бұзылуын көрсетеді. Егде жастағы гипотонус – әдетте жұқпалы немесе вирустық аурулардан кейінгі асқынулардың белгісі.

Дәрігер гипотонус кезінде массаж, емдік дене шынықтыру, рефлексотерапия, остеопатиялық емдеу, дәрілік терапия мен нутрицефтиктерді тағайындайды.

**Руслан НҰРҒАЗЫҰЛЫ,**
**балалар мен ересектер массажисі.**
Тасбөгет кенті

**ШЖҚ «Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК-ның 2024 жылдың 2-жартыжылдығына шекті бағада ескерілген тауарлық газды сатып алу жөніндегі қаражатты пайдалану туралы ақпарат ( бизнес-сәйкестендіру нөмірі 191240024876), лицензия №20003713 26.02.2020 ж.**

| Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет атауы | Өткізу көлемі (мың текше м) | | | Өткізу көлемдері (мың теңге) | | | Босатылу бағалары теңгемен (қосымша құн салығынсыз) | | | Кірістілік деңгейі | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша | | Барлығы | Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша | | Барлығы | Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша | | Қызметтерді (жұмыстар) көрсетуден түскен кіріс, теңгемен | Қызметтер, (жұмыстар) көрсетуге кеткен шығын, теңгемен | Кірістілік деңгейі, %-бен |
| | | Заңды тұлғалар | Халық | | Заңды тұлғалар | Халық | | Заңды тұлғалар | Халық | | | |
| Тауарлық газды бөлшек саудада өткізу Тереңөзек кенті бойынша | 4 355,9 | 884,6 | 3 471,3 | 89 208,1 | 18 129,4 | 71 078,8 | 20 479,8 | 20 495,0 | 20 476,0 | 89 208 133,8 | 101 046 450,8 | -11,7 |
| Тауарлық газды бөлшек саудада өткізу Жалағаш, Жосалы кенттері бойынша | 11 262,5 | 2 223,2 | 9 039,3 | 224 777,0 | 44 394,7 | 180 382,3 | 19 957,9 | 19 969,0 | 19 955,2 | 224 777 029,8 | 229 924 425,9 | -2,2 |
| Барлығы | 15 618,4 | 3 107,8 | 12 510,7 | 313 985,2 | 62 524,1 | 251 461,0 | | | | 313 985 163,7 | 330 970 876,7 | -5,1 |

**ШЖҚ «Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК-ның 2024 жылдың 2-жартыжылдығына шекті бағада ескерілген тауарлық газды сатып алу жөніндегі қаражатты пайдалану туралы ақпарат ( бизнес-сәйкестендіру нөмірі 191240024876), лицензия №20003713 26.02.2020 ж.**

| Шығындар | Бекітілген шығындар сметасы, мың теңге, ҚҚС-мен | Нақты шығындар, мың теңге, ҚҚС-мен | Айырма |
|---|---|---|---|
| Табиғи газды сатып алу шығындары | 522 610,99 | 195 404,04 | -327 206,95 |



www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Марат АРАЛБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 23582 Тапсырыс №121 Кезекші редактор **Әділжан ҮМБЕТ**